


П И О Н Е Р



ФЕВРАЛЬ

1948 ЖЫЛ

№ 2



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

№ 2

ФЕВРАЛЬ 1948 ЖЫЛ

Шығуына 10 жыл

Сталинград майданы

Бүркіт ИСҚАҚОВ

Умытқам жоқ, әлі есімде
Сталинград майданы.
Батыр қала іргесінде
Шыққан жаудың ойраны.
Сол сұрапыл қанды ұрыста
Түн түндігі түрілген,
Күн күлімдеп күншығыстан,
Таң шапағы білінген.
Сол сұрапыл қанды ұрыста
Біздің ерлік танылған.
Әрбір көше, әр бұрышта
Жеңіс дабылы қағылған.
Омырауды оққа төсеп,
Мен де ұрысқа қатысқам.
Тас көшесін қылып төсек,
Менен де аққан қасық қан.
Умытқам жоқ, әлі есімде
Сталинград майданы,
Сары медаль түр төсімде —
Сол соғыстың айғағы.





Совет Одагынын Генералиссимусы Иосиф Виссарионович СТАЛИН

1945

Совет Армиясының 30 жылдығы

Быйылғы жылы халқымыз Совет Армиясының 30 жылдық ұлы мерекесін тойлап отыр.

1918 жылы 23 февральда Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы Парва мен Псков қалаларының түбінде неміс басқыншыларына алғаш рет қыйрата соққы берді. Бұл күн бүкіл еліміздің салтанатты мерекесіне, совет елінің құралды күштерінің жеңіс тойына айналды. Бұл күн Совет Армиясының туған күні боп еліміздің тарихынан ардақты орын алды.

Одан бері ұлы оқыйғаларға бай 30 жыл өтті. Бұл жылдар совет халқын, оның айбынды армиясын даңқты еткен, дүниежүзілік тарихи табыстарға жеткізген ұлы кезеңнің жылдары.

Совет Армиясы Совет республикасының әлі жас шағында, ауыр шақта құрылды. Октябрь революциясының жеңісіне қарсы помещиктер мен капиталистердің сілімтіктері қанды күреске аттанды. Өліде тұп тамырымен қыйылып бітпеген ішкі жауды халықаралық соғыс құмарлар қолдады, капиталистік онтөрт мемлекет жас Совет республикасына түс-түстан кияігіп шабуыл жасады.

Міне, совет халқының империалистік басқыншыларға қарсы бірінші Отан соғысы осылай басталды.

Совет еліне зор қатер, хауіп төнді. Бірақ жұмысшылар мен кедей шаруалар өзінің жеңіп шығатынына шүбәланған жоқ. Олар барлық күшін майданға жұмсады. Коммунистер мен комсомолдердің айбынды тобы Қызыл Армияның қатарына жіберілді.

Арпалысқан ұзақ күрестерде Совет Армиясы ішкі-сыртқы жауларды талқандап, социалистік құрылыс жолындағы бейбіт еңбектің дәуіріне жол ашты.

Жұмысшы табы мен шаруаларға, осылардың қатарынан шыққан совет жауынгерлерінің әрбіреуіне совет өкіметінің саясаты ұғымды, олардың өз мүдделерінен туған саясат болды. Сондықтан Совет Армиясын бүкіл халық болып қуаттады, талмастан соның қамын жеді, жеңіс жолында аянбай еңбек етті.

Азамат соғысының жылдарында Совет Армиясы соғыс жүргізудің алуан түрлерін, жаңа революциялық әдістерін қолдап, соғыс ғылымын жаңа сатыға көтерді.

Азамат соғысы біткеннен кейінгі жерде де Совет Армиясы сыртқы жаулардың бірнеше шабуылдарына тойтарыс берді.

Жапон империалистері «Ұлы Японияның» шекарасын Байқал, тіпті Орал тауына дейін кеңейтуді көксейін қоймады. Совет Одағын әлденеше рет соғысқа арандатпақ болып шекара жанжалдарын тудырды. 1938 жылы болған Хасан көлінің маңындағы оқыйға мен 1939 жылы Халхин—Голдені ұрыстарда соғыс өртіп тұтатуды көздеген жапон соғыс құмарлары Совет Ар-

миясынан аяусыз соққы жеді де, еліміздің шекарасынан тайып отырды.

Осыдан кейін, көп ұзамай солтүстік шекарамызда біздің армияның күш-қуатын, әзірлігін сығра салған тағы бір оқыйға болды.

1939 жылдың күзінде Фин қарақшылары империалистік елдердің айдап салуымен Совет Одағына қарсы үгітті күшейтті, еліміздің солтүстік астанасы, социалистік революцияның алтын бесігі — Ленинградқа қатер тудырды. Олар Орал тауларына дейін «Ұлы Финляндияның» шекарасын кеңітпек болып лепірді.

Фин итаршыларының бұл сандырағынан түк шықпады. Қыс айларының аса қыйын жағдайларында небәрі үшжарым айдың ішінде Совет Армиясы бұл соғысты да жеңіспен аяқтады.

Сөйтіп Ұлы Отан соғысына дейінгі 20 жылдың ішінде Совет елінің құралды күші өзінің соғыс қаблетін, Отанымыздың қасиетті шекарасын қорғауда қырағылығын, батырлығын әлденеше рет көрсетті.

1941 жылы 22 июнде фашистік Германия тұтқиылдан совет жеріне баспн кірді. Бұл соғыс совет халқына ауыр сын болды, бізді бейбіт еңбектен айырды. Гитлер Германиясы совет мемлекетін жоюды мақсат етті.

Сталин жолдас 1941 жылғы 3 июльде сөйлеген тарихи сөзінде елімізге ауыр қатер төнгендігін, жаудың аяусыз қаталдығын, күшті жау екендігін айтты. Неміс басқыншылары Совет Одағында помещиктер өкіметін, патша үкіметін қайта орнатуды, орыстардың, украиндықтардың, қазақтардың, Совет Одағындағы басқа да азат халықтардың ұлттық мәдениетін, ұлттық мемлекеттігін жоюды, бұл халықтарды неміс князьдары мен неміс барондарының құлдығына айналдыруды аңсады. Бізге қарсы олар бақайшағына дейін соғыс техникасымен қаруланған, тәжірибесі мол 170 дивизиясын аттандырды. Бұл 1914 — 1918 жылдардағы бірінші империалистік соғыста патшалық Россияға қарсы қойылған күштен екі еседен де артық еді.

Алайда Гитлер басқыншылары оңбай қателесті, есептен алжасты.

Октябрь революциясының арқасында ұлы азаттыққа жеткен совет халықтары өзінің әлеуметтік, экономикалық дамуында, мәдениетінің дамуында тарихи жеңістерге жеткендігін неміс фашистері есінен шығарыпты. Артта қалған аграрлық Россия Сталиндік үш бесжылдықтың ішінде алдыңғы қатарлы ауыр өнеркәсіпті елге айналғанын, біздің социалистік индустриямыз бен коллективі ауыл шаруашылығымыз құралды күштеріміздің сенімді тірегі, саркылмас бұлағы болғанын фашистік басқыншылар есебіне қоспапты.

Совет дәуірінде еліміздің ұлы табыстарға жеткеніне бір мысал мынау. 1914 жылы декабрьде патша армиясына 700 мың адам жаңадан келіп қосылғанда, бұлардың небәрі 50—70 мыңына ғана винтовка тауып бере алған екен. Ал, фашистік Германияға қарсы сұрапыл соғыстың соңғы үш жылында біздің өнеркәсібіміз жыл сайын 30 мың танк, самоход, бронемашина, 50 мыңға дейін самолет, 120 мың зеңбірек, 450 мың пулемет, 5 миллион винтовка мен автомат жасап, армияның көрегін түгел қамтамасыз етіп отырды. Үш жылдың бойында неміс қарақшыларымен бірме бір соғысқан Совет Армиясы осындай күшке сүйенді.

Совет халықтарының бұлжымас достығы, Совет өкметінің сенімді тірегі болған жұмысшы табы мен шаруалар одағы, талай тарихи сыннан өтіп шыңдалған Ленин — Сталин партиясы — совет халықтарының жеңімпаз қуатының сарқылмас бұлағы екенін жершарына тағыда танытты.

Әуеде өртенген самолетін жаудың тобына апарып түсірген капитан Гастелло, жаудың бекіністегі пулеметінің аузын өз денесімен басып тұншықтырған комсомолец Матросов, немістердің 50 танкісінің бетін тойтарған даңқты 28 панфиловшылар, қол-аяғын креске таңып шегелесе де, соғыс құпиясын жау қолына берместен қаза тапқан комсомолец Смирнов, қазақ халқының шын ұлы, жас батырлары Төлеген Тоқтаров, Маншук Маметова, немесе Зоя Космодемьянскаяның, Лиза Чайкинаның, Краснодарның жас гвардеецтерінің ерліктері кәзіргі ұрпаққа да, соңғы ұрпақтарға да мәңгі ұмтылмайтын үлгі болып қалуда.

1945 жылы 8 майда Совет Армиясының және одақтас елдердің армияларының алдында жау тізе бүкті. Адам баласының жауы-фашизмге қарсы төрт жылға созылған соғыс ұлы жеңіспен аяқталды. Совет халқы, оның айбынды құралды күші бүкіл бостандық сүйгіш адам баласының алдында өзінің тарихи міндетін — зор даңқпен орындап шықты.

Гитлер Германиясын талқандаудың артында совет әскерлері, одақтас елдердің әскерлерімен бірге империалистік Японияны қыйрата жеңді, сөйтіп дүниежүзілік фашизмнің, дүниежүзілік агрессияның екінші бір ордасы талқандалды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың біткеніне міне үш жылға кетіп барады. Бұл жылдар Совет халқының социалистік құрылысты дамыта түсуінде, біртіндеп ком-

мунизмге көшу ісінде зор табыстың жылдары болып отыр. Данышпан Сталиннің басшылығымен совет елі соғыстан кейінгі бесжылдықтың алғашқы екі жылын күрделі табыстармен аяқтап, енді бесжылдықты төрт жылда орындауға бел байлап отыр. Осының өзі біздің социалистік мемлекеттің өткен соғыстың нәтижесінде бұрынғыдан бетер күшейгендігінің, халық бірлігінің нығая түскендігінің айғағы.

Бірақ, совет халқы қолы жеткен табысқа мастанбайды, жайбарақаттыққа салынбайды. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесі империалистік елдердің, Америка Күрама Штаттары мен Англияның ат төбеліндей соғысшыл топтарының ойлағанындай болмады. Соғыстан әлсірейді деген Совет Одағы пығайыш, бұрынырадан әлде қайда шынығып алды, оның халықаралық беделі арта түсті. Совет Армиясының арқасында гитлер германиясының құлдығынан құтылған елдерде, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропалық елдерде жаңа демократиялық тәртіптер орнады. Франция мен Италияда, бүкіл отар елдерде, Қытайда демократиялық қозғалыс күшейді.

Ал, отар құмар, жеке басының байлығын қыям етуші империалистер тобы дүниежүзілік үшінші соғыстың, Совет Одағына, бүкіл демократиялық елдерге қарсы өргін тұтандырмақ болып, соғыс үгітін күшейтіп отыр. Бірақ қалың халық бұқарасын адам айтқысыз күйзеліске, қайыршылыққа ұшыратқан өткен соғыстың артынан үшінші дүниежүзілік қырғын соғысты қаламайды. Монополистер тобының мүддесі үшін қан төккісі келмейді. Сондықтан халық мүддесін бәрінен жоғары қоятын Совет үкіметінің сыртқы саясаты дүние жүзінде берік бейбітшілік орнату жолында қызмет етуде, реакцияшыл элементтердің соғыс пропагандасын аяусыз әшкерелеуде.


«Совет Армиясының және Соғыс-Теңіз флотының арқашан жауынгерлік әзірлікте болуы біздің Отанымыздың хауіпсіздігін және барлық дүние жүзінде берік бейбітшіліктің кепілі болып табылады» — дейді Сталин жолдас.

Күмән жоқ, біздің құралды күшіміз көсеміміз Генералиссимус Сталин жолдастың басшылығымен өзіне жүктелген міндетті арқашанда асқан аброймен ақтайды. Бұған Совет Армиясының өткен дәуірдегі ерлік істері, оның өз халқымен біте қайнасқан бірлігі, біздің большевик партиясының дана басшылығы көп.

М. ЖАНҒАЛИН.



Ол күндөрдүн өшпөс даңкы...



Совет Одагынын Улуу Отан согуусу кезинде Совет Армиясы өзүн мәңгү өшпөс даңкка бөлөдү. Немис баскыншыларына каршы адам баласынын тарихында теңдеси жок катты урыстар жүргізді.

1941 жылдын күзү — Отанымыздын басына ауыр күндөр тууган кез еді. Жау эскерлери астанамыз — Москвага таянды.

И. В. Сталин жолдас Москванын коргау ишин тикелей өзі баскарды.

Астананын жұмысшылары, кызмөтшөилери, студенттери қалаға қорған жасады, халық жасағы құрылды. фашист эскерлеринин жолдарына тосқауыл жасап, бөренелер қойды, қапқа күм салып, немис танклеринин жолын бөгөдi. Қала халқы қолдарына құрал ұстап, ұрысқа ұмтылды. 1941 жылы 7 ноябрьде И. В. Сталин жолдас совет эскерлеринин Қызыл алаңдағы дәстүрлi парадында сөз сөйлөп, «кемеңгер Лениннин жеңiмпаз туы сiздердi алға бастасын!» дедi. Кешiкпей-ақ, биздiң эскерлеримиз Москва түбiнде айбынды шабуылға шықты. Совет Армиясы сұраныл катты ұрыстарда, совет астанасын қоршап алу хауын туғызған немис-фашист эскерлерин талқандап, батысқа қарай тықсырып тастады.




Совет Армиясы Сталинград майданында немис-фашист эскерлерине карсы үш айдан астам уақыт кескiлескен урыстар жүргiздi. Бұл урыстарда ол немистердiң 330 мың кiсiлiк армиясын қоршап алып, талқандап және үштен бiрiн қолға түсiрдi.

Совет артиллериясы соғыс тәңiрi екенiн Сталинград майданында әлемге әйгi еттi. Бiздiң артиллериямыз немистердiң зәресiн ұшырып кутын қашырды.

Бұдан бес жыл бұрын, 1943 жылы 2 февраль күнi Совет Армиясы Сталинград үшiн жүргiзiлген ұрысты тарихта теңдесi жоқ жеңiспен аяқтады, Сталинград қаһарман қала атанды.

«Сталинград немис-фашист армиясына қара түнек орнатты. Сталинградтағы қырын ұрыстан кейiн немистердiң қайтып оңала алмағаны мәлiм». (И. Сталин).





1944 жылы сүйікті Отанымыздың жері неміс-фашист армиясынан тегіс тазартылды. Әскерлеріміз неміс жыртқыштарын одақтастарының, сыбайластарының жерінде жоюға кірісті: «Совет солдаты Берлин қаласы салынған Шпеер өзенінің суынан атын суармай тоқтамайды!» — деген сөз тап сол кезде біздің жауынгерлеріміздің аузынан түспейтін мәтелге айналды. Әскерлеріміздің қатаң соққысына ұшырып неміс-фашист хаюандары өздерінің үңгірі Берлинге барып тығылды. Бірақ, Берлин пана бола алмады.



Жау әскерлері соғыстың алғашқы жылында-ақ Ленинградты қоршап алды. Алайда совет әскерлері Ленинградқа жауды жібермеді. Ленинград төңірегіне дұшпан ұзақ уақытқа төзетін бекіністер жасады. Әскерлеріміз бен қала халқы жаудың қатал қысымына мойымай, үш жылдай Ленин қаласын қорғап тұрды.

Неміс басқыншылары Ленинградты қоршап алып, тізе бүктіреміз деп ойлады. Бірақ олар есебінен мықтап жаңылды. Біздің батыр жауынгерлеріміз қала халқымен тізе қоса отырып, Отан үшін ұрыстың, Отан үшін тасыған қуат-жігердің тамаша үлгісін көрсетті. Ленин қаласының қасиетті көшелерін неміс солдаттарына бастырмауға бел байлады.


1944 жылы 18 январьда Ленинград неміс-фашист армиясының қоршауынан азат етілді.

1945 жылы 2 май күні Совет Армиясының танк бөлімдері Берлинді қақ жарып өтіп, Рейхстагқа жетті. Фашистердің тонаушылық, қарақшылық саяхатының уясы — Берлин қаласының үстіне жеңіс туы тігілді.

Будан алты күннен кейін неміс-фашист армиясы совет елінің айбынды қаулы күштерінің алдында тізе бүкті.



Совет Армиясы өзіміздің елді ғана неміс басқыншыларынан азат етіп қойған жоқ, ол Шығыс Еуропа елдерін де құллықтан азат етті. Ол күні жер жүзінің еңбекшілері ұлы Сталинге, қаһарман Совет Армиясына, совет халқына мың мәртебе алғыс айтты.





Адам туралы аңыз

(Соңы. Басы өткен санда)

М. ТАУҰЛЫ, Қ. ЕЛЕМЕСОВ

Суреттерін жасаған Н. И. ЛЕБЕДЕВ

— Кім едің сен, ашып айтшы сырыңды?
Менің даусым ызаға булығып дірілденкіреп шықты білем, шал орнынан қозғала түсіп:

— Мен баламды, туған баламды өлтірген адаммын. — деді тағы да. Алғашқыда осы сөзді өзіне — өзі айттып отырған адамдай еді. Бұл жолы басын көтеріп, үңірейген екі көздің ұясын маған қаратып, саған айтамын дегендей зілділеу үнмен сөйледі.

Қандай суық сөзі Жау жайлаған жерде, жеті түнде ғажайып шалдың аузынан мұндай сөзді естісең қайтер едің, Бәкен? Неше саққа жүгірмес пе еді қыялың?

Николай Иванович оқыйғаның арғы жағын қалай жалғастырып кету туралы аз ойланды да, әңгімесіне қайта кірісті.

— Соқыр адамның жылағанын көргенің бар ма, Бәкен? Мен көрдім. Барлық өмірімде алғашқы рет көргенім сол түні. «Өз баламды, туған баламды өлтірген адаммын», деп екінші рет айтқанда кейіпсіз жүзіне көзім түсті. Суық сөз аузынан әрең шықты. Бет аузы жыбырлап, кемсендеп жылағандай болды. Бірақ, үңірейген көз ұясынан жас тамбады. Көкірегі солқ-солқ етіп, демі тарылып шықты. Сол минутте сөйлеу оған қандай қиын болса, жылау одан да қиын тәрізденді. Көкректе кернеген шәрді тарқату үшін екі көзден сорғалап аққан ыстық жастың зор сеп екенін мен сонда аңғардым. Шіркін-ай, төбеге төнген қасреттің қара бұлтын серпілтуге екі көзден мөлтілдеп шыққан жас — көңіл көктемін жадыратып жіберетін нәрседей екен ғой. Адамға егіліп жылаудың да арманға айналатын күндері болады екен — ау, дедім.

— Ей шырақ, шошынба менен. Көз соқыр, көңіл шерлі болғанмен кеудемде тулаған жүрек оты сөнген жоқ, жеткіз мені, азат орыстың ортасына. Далада қағып өлу адамның арына тиеді. Мен адаммын ғой? — деді қария, өлден уақытта өксігін басып.

Мен қайтадан келіп басын сүйедім...

— Шал кім екен? Баласын неге өлтіріпті? Соны айтыңызшы, — деді, Бәкен мазасызданып.

— Өзім де соны айтпақпын, Бәкен. Сонымен, соқыр шалды сүйемелдеп орман ішімен отрядқа қарай жүрдік. Ол жолшыбай басына өткендерін бажайлап айтып берді. Шерлі оқыйғаны шежіре қарт шешен тілмен баяндаған еді... Шіркін, соның өзіне сөйлетер ме еді. Ол үшін маған айтуға тура келеді, — деді де Николай Иванович шал сөздерін есіне түсіре бастады.

— Еділдің, ерке Еділдің жағасында болғаның бар ма? — деп бастады қарт әңгімесін. — Көк толқынды, күміс көбікті, толғанып аққан орыс өзеніне шомылып, сайрап садып көріп пе едің, жігітім?.. Сол өзеннің жаға-

сында туып, соның жағасында барлық өмірім өткен қартыммын. Еділ жағасындағы даңқты қалада төрт бөлмелі үйіміз болушы еді. Ертең не ішем, не жеймін деуді білмейтін, көңіліміз шат, бақытты семья едік. Тутқыйылдан бұрқ еткен соғыс өртіне душар болдық. 1942 жылдың күзі де келіп жетті. Қаламызға жау төнді. Дамылсыз бұрқақтаған оқ нөсерінің астында өтіп жатты ауыр күндеріміз. Зәулім үйлер опырылып құлап жатты, қаламыз будақтаған қою түтіннен қара жамылды, күнәсіз жандардың өміріне қанды шенгелін салған ажалдай тілін жалақтатқан қызыл жалын әр үйдің есігінен кіріп, төрінен шығып сумаң қақты. Қайғы-қасретке душар болған қала халқы шұбырып, шығысқа кетіп жатты. Өрт күшағында қалып бара жатқан ата мекен, құт қонысты қыя алмай, төгілген көз жасы Еділге құйылған нөсердей еді. Қеше ғана бақытты кәрілікке бөленген қария мен болашаққа бой ұрып, үілдеген жас баланың өлігін көргенде көкрегімді қақ айырып, намысыма жау найзасы қадалғандай болды. Менің семьям шығысқа көшуден бастартты. Аялдай тұруды мақұлдадық.

Бір күні шығысқа жол тартқан көршілерді Еділден өткізіп салуға барып, кешке үйіме қайттым. Келсем, үйім жоқ, жалын жапқан төрт қабырғаны көрдім. От ішінде жатқан келінім мен кемпірімді көрдім. Жүрегімді қайғы торлады...

...Мен партизан отрядына кеттім. Қасретті Еділдің елшісі болып Донға жеттім. Бір жылға жуық өмірім партизан отрядының басынан кешкен нелер сын сағаттың жуан ортасында өтті. Жүрегімде тұтанған кек ушқыны өрт боп лаулап жаудың талай қоймасын күл етті... Талай складқа өрт қойдым, талай составты құлаттым, талай немісті сұлаттым. Оның әр қайсысы бір дастан, ушықыйыры жоқ ұзақ жыр ғой. Мен саған соңғы күнімді, сәтсіз күнімді баяндайын.

Осыдан алты күн бұрын ойда жоқта бір қуанышқа тап болдым. Не керек, жалт етіп көрініп, сөніп кеткен құйрықты жұлдыздай қысқа болды қуанышым. Шіркін, аялдаса не ететін еді!

Қарт күйінішін тереңірек суреттейтін тағы бір теңеулер іздегендей сәл кідірді де, ауыр күрсініп, үзілген әңгімесін қайта сабақтады.

— Осыдан алты күн бұрын орман ішін қуалай жүріп, қоныс аударғалы келе жатып, шағын ғана партизан отрядын жолықтырдық. Солардың ішінен жалғыз балам Петяға кез болдым. Соғыс басталғалы хабарсыз едім мен одан. Бөлімі жау қоршауында қалып партизан отрядына айналғанына екі жылға тарта уақыт өтіпті.

Өшкенім жанып, өлгенім тірілді, сарғайтқан сағыныш өн бойыма тарап, буынымды алды, мас етті. Баламды құшақтап сүйе бердім, қуаныш жасы сорғалай беріпті.

— Үй іші аман ба? — болды, мен мауқымды басқандай кейінгі, баламның бірінші сурағы.

— Мен кеткенде аман еді, — дедім, ауыр сапарда жас жүрегің жараламайын деген оймен. Петяның көмейінде айтылмаған тағы бір сөз барын сездім, ол келіннің саулығы еді. Сондықтан, «келіннің де дені сау, шешен екеуі шығысқа көшкелі дайындық жасап жатқан еді», дедім.

Сол минутта менің басымды талай ойлар қамалып, көз алдымнан сан сурет өтіп жатты. Еділдің ерке толқынында қаздай қалқып сайран салған, ән шырқаған жастар, солардың арасындағы келінім мен жалғыз ұлым жүруші еді. Мен сырттарынан көз тоймай қарап тұрушы едім. Осындай кездесуді ойлап на еді мына Петя... Мен ой сергітіп, бой тежеп әңгіме тақырыбын басқа жаққа аударып жібердім. Ұзақ түн әңгімелестік, өткен күндерді еске түсірдік. Алқызыл тудай алаулап таң да атты... Аязды күнде мұнартып батқан күнді де ұзаттық. Қабағын түйіп түн де келді. Командирдің бұйрығы бойынша қасыма бір жігіт ертіп, барлау жұмысына аттанбақ болдым. Серіктікке сенімді жігіт таңда дегенде, мен:

— Өзімнің ұлым Петяны аламын, делім. Өйткені ол артымда қалса, алақтай беретін сыяқтандым. Әбден сағынғандықтан ба, мен оны көзімнен таса еткім келмеді. Оның үстіне Петяның:

— Жорыққа сізбен бірге мен де барайын, — деген сөзі қамшы болды.

Баламды ертуге командирден рұхсат алдым. Ымырт жабыла жау жатқан селоға тартып кеттік. Суыт жүріп, түн ортасы ауа селоға жеттік. Селонның күн батыс жақ шетіндегі Александра Ивановна дейтін әйелдің үйіне келдік. Бұл үй біздің ылғый бой тасалайтын, үйреншікті мекеніміз болатын. Жаудың әрекетін үнемі сол кісі арқылы біліп қайтатынбыз.

Бұрынғы әдет бойынша Александра Ивановнаның есігін үш рет қақтық, ол есік ашты.

Александра Ивановна қараңғы үйде село жаңалықтарын баяндауға кірісті.

— Бүгін неміс штабына төбесі жабылған бес машина қару-жарақ келді.

Мына хабар менің балама ерекше қуат бергендей болды.

— Ол машиналар бізден құтылмайды, өрт қойып әлегін аспаннан шығарамыз. Іске шұғыл кірісу керек, кешігіп қалмайық, папа, — деді ол.

Мен бала сөзін мақұлдадым. Біз Александра Ивановнамен қоштасып есікке беттедік, қараңғы түннің қойнына кіріп жоқ болғалы тұрмыз, жау шебіне өрт қоюдың айласына кіріспекпіз. Аталы-балалы бес машина қару-жарақты олжалап, қуанышпен партизан мекеніне кетпек болдық сол түні.

Бұл біздің арманьмыз еді. Тысқа да шығуға үлгірмедік. Қақпа есігін ашып, табалдырығынан аттай бергенімізде желкеге қона түсті аңдушы душпанның бір тобы. Біз қолға түстік. Міне, мерт болудың басы, осындай қапылыстан басталды, шырағым.

«Аталық сезім алдынды болжай алмай соқырлық еттің-ау, сорлы баланы бекер-ақ алып шыққан екенмін!» — деген екінші ой жаң жүре-

ме шатаудай қадылды. Не шара, болар іс болды. Енді біз үшін еркіндікті ойлау орынсыз, тұтқын борышын атқаруға кірісеміз, айуан жаудың азабына төтел беру туралы ойлау керек.

— Берік бол, Петя! — дедім, бір топ немістің ортасында жағаласқан боймен қақпадан шығып бара жатқан балама. Оның маған жауап қатуға, менің тыңдауға мұршамыз болмады. Қолды болған жандар жау ырқымен жүре бердік. Баламды белгісіз бір жаққа алып кетті. Мені қақпадан шығарып бара жатқанда:

— Мен анамын, ұрма мені... — деп күйзеліп шыққан Александра Ивановнаның ашы үні естілді құлағым. Ол сорлының содан кейінгі өмірі не болғаны маған белгісіз.

Сол түні, аталы-балалы екі тұтқын сыйдйған шикіл немістің алдына келіп жеттік. Ол осы селодағы бөлімнің штаб бастығы, шені-капитан. Бастапқыда жылы шырай беріп, жымыя сөйледі ол. Бірақ, қаншама жүз құбылтқанмен біз мызғымадық. Ол күлді, біз суға төнген жартастай жауапсыз тұрдық. Ол қабағын түйді, біз мұз болып қаттық. Ол ақырды, біз түнеріп тіл қатпадық... Шикіл капитанның бізбен арбасуы едәуірге созылды.

— Партизандар қайда, айтасындар ма, жоқ па? — деді тағы да, көзі шатынаған шикіл неміс.

Тіл қатпадық. Ол орнынан тұрып мені жаққа бір-екі рет тартып жіберді. Қымсынбадым. Тағы урды ол, айылымды жыймадым мен...

— Ал, сен неге үндемейсің? — деп Петяға төнді де,





Алымды құлап кетті. Менің балам жау алдында бас еді. аз бауырларын оққа байлаудың жолын айтып тұрса, мен үшін төбеден түскен жай оғы емес пе? Ей сорлы бала, ел мен жерді қалай көресің сен ертең, ерке Еділге не айтпақсың? Орыс жері сенен жеркенбей ме? Арам пенде бетін жумасын деп Еділ толқыны сені көріп кейін серппей ме? Ей ұлым, не істедің сен, ойландың ба? Азат ел, азат жер, бақытты өмірді сүйетінің қайда? Адамдық арын мен азаттық антың қайда? Үш жыл бойы қан төгіп, соның бәрін қорғау жолында арпалысқаның қайда? Бар өмірінді бір минуттық тән рахатына құрбан еттің бе? Төнің мен қаныңа, жаның мен арыңа сіңген совет мектебінің тәлімі қыйын-қыстау күндерде таяныш бола алмағаны ма? Ұлым, қара менің жүзіме: Атаңның көзінде соның бәрі жазулы.

Ауыр ойдың шырмауынан шығуға қарманғандай жан-жағыма қараппын. Көзім жексұрын неміс капитанының нұрсыз көзіне түсті. Ол маған тесіле қарап отыр екен,

— Ей шал, балаң келді, — деді.

Қарсы алдымда ұлым тұр. Қапылыс көргенде, тани алмай қалдым мен оны. Үсті басы өрім-өрім, бет-аузы жосадай қан, шашы аппақ. Төбеден аққан қарақошқыл қан сол ақ шашты құлай өтіп самайға құйылыпты да, сағал-сағал боп қатып қалыпты. Білеуленіп ісіп кеткен екі көзі жылтырап әрең көрінеді.

«Мен қажыдым, әке», — дегендей маған қарап келсеңдеді ол.

— Ал, сөйле жігіт, айт сырынды әкеңнің алдында, — деді капитан балама шақшыя қарап.

Балам үндемеді. Менің жүрегімді қорқыныш билеп мазам кете бастады. «Бала жанын қалайша сезбедім екен. Мекіреніп аймалағанға мәз болғаным ба? Қойнымда жылан өсіргенім бе?..» Мені осы ойлар тағы да тербенте бастады.

— Әкемің алдында айтамын дегенің қайда, сөйле енді, орыс жігіті! — деді капитан орнынан тұрып.

— Мен сендерге әкемді көру үшін айтқанмын. Әкемді көрдім, енді айтарым жоқ. Қош, папа, берік бол! — деді балам күбірлеп. Осы екі-үш сөздің өзін ол қатты қыйналып айтты.

Бала сөзін естігенде ыңғымды басып тұрған жеті батпан қаратас сылқ етіп жерге түскендей болды. «Ризамын ұлым, қойнымнан жылжып шыққан жылан емес, шарықтап ушқан қыран екенсің. Төбем көкке жетті ғой», деп құшақтап сүйеге де ұмтыла жаздадым. Бірақ сабыр еттім. Тіл қатпадым. Баламның «қош, папа!» дегеніне бас изеп, ымдағандай ғана болдым.

Манадан бері дәмеленген есер капитан мысы құрып, бармағын тістеп не қыларын білмеді. Маған қарап тағы бірдеме айтқалы тұрған Петяға айғайлап:

— Тоқтат! — деді де, төбел лейтенантқа зілдене бұйырып, — мына большевикке жазаның ең ауырын қолданыңыз, кеудесінде жанын сақтап азап тартсын. Бір күн өлмесін, мың күн өлсін. Күн тәулігінде он тіріліп, он өлсін. Көрсін немістің қаталдығын. Баста сол жазаның ауырын мына әкесінің алдында.

Неміс капитан соңғы сөздерін айғайлап көз қыйығын маған аударып тұрып сөйледі.

Өлім аузында тарамысына ілініп тұрған жас жанға екі неміс төне түсті. Бірінің қолында сүйір кездік, бірінің қолында сықсыма білте шам. Жүрегім су ете түсті, жалғыз ұлымның шыңғырған даусын естімейін, деп құлағымды бастым. Бір кәрі неміс келген бойда Петяның бетіне шамның отын тигізді. Балам алғашында оттан сескеніп селк ете түсті де, қатуланып орнынан қозғалмады. Тек қана тісін шықырлатып тістеніп, жұдырығын бір ашып, бір жұмып азап ауыртпалығын іштен шекті.. Мен төзе алмадым. Іші-бауырым елжіреп кетті. Ыстыққа тандайы кепкен балапанына қанатымен тамшы тасыған қарлығын құрлы да болмадым. Жүрегімің бір бұрышы лаулап

нектің астынан жұдырықпен бірер нұқып өтіп бетіне қарады. Талдырмаш балам тәлтіректен құлап түсе жаздады. Бірақ, лезде бойын тежеп алды да, бедрейіп тұрып қалды.

Бірінші түннің өзінде-ақ алдау, арбау, қорқытудың біреуі де бізге дарымайтынын сезген жендет азап пердесін ашты алдымыздан. Тырнақ астына ине қақты, жалаңаш етке қыздырып темір басты, жалаң аяқ қар бастырды. Екеуімізді екі бөліп суық сарайға қамады. Төздік азапқа. Баламның шыңғырған үні естілді бір уақытта. Азап сарайында үш күн өтті. Немістер кезекпен келіп өзі білген зұлымдықтың бәрін жасады, мен тіл қатпастан төздім. Бірақ, қансырадым, шөлдедім. Сарай қабырғасындағы қырауды жалап тандай жібітуге де мүмкіндік бермеді. Әрі өзімнің, әрі баламның азабын бірдей тартып әлсіредім, талып кеттім...

Есімді жыйып, көзімді ашсам, жылы бөлмедемін. Күнге кептірген арық балықтай сыйдырып тағы да алдымда тұр жирен капитан. Ол маған төніп бірдемелер айтады. құлағым естімейді. Мен бір жұтым су сұрадым.

— Ей ақымақ шал! Тында рахымды немістің сөзің. Сен де, балаң да азатсындар. Сен айтпаған партизан мекенін балаң айтты. Мә, іш* мынаны, жый есінді! — деді капитан маған орта стакан суды ұсынып.

Мен орнымнан ұшып тұрдым ұсынған стаканды қағып жібердім де, үнсіз тұрып қалдым. Ол маған шегір көзімен сықсырая қарап:

— Ей мүсәпір шал, нанбайсың ғой? Қазір балаңның өзі айтады. Лейтенант мырза, келтіріңіз тұтқынды, — деп қасындағы сулы көз, төбел немісті жұмсады.

Нәзіктікке жаным қас, кез болған хауіптен сырттан үрікпей, іштей арбасып, тайсалмай қарсы тұратын адам едім. Осы жолы бір осалдық бойымды билей бастады. Сол осалдық шұбаға айналды.

«Балаңның өзі айтады» деген сөз өн бойымды тітіркентіп жіберді, суық сөз жүйке тамырым мен буын-буын

жанын өт ішінде жатыр, сөндіргені шамам жоқ. Мақдайға шертпеген, өмірі бір ауыз қатты сөзге қыймаған, әлсе, көріне бірге түсетіндей, басы ауырса, әбектеп өзегімді суыратын әлпештеп өсірген жалғыз бала! Ойланшы, жігітім, көз алдында сол балаң ауыр азап тартып тұрса, сен не істер едің? — деп соқыр шал бір күрсініп су сұрады, мен кұтымды сарқып сусын жұттырдым. Мейрі қанған қария әңгімесіне қайта кірісті.

— Аталық сезім шыдатпады, төзе алмадым. Ата жауымнан, жирен капитаннан бірінші рет тілек тіледім.

— Қыйнамаңдар баламды, мен айтамын! — дедім бар даусыммен айғайлап.

— Я, шалым, ақылың жана кірді ме? Ал, сөйле, — деді капитан Петяны азаптаушыларға тыйым салып.

Мен оны ымдап қасыма шақырдым. Жирен неміс тебіңгідей қалқан құлағын әкеп менің аузыма тосты.

— Баламның көзінше айта алмаймын. Ол мені жазғырады, — дедім сыбырлап.

— Әкетіндер мынаны жылдам! — деп зіркілдеген неміс менің балама қарап қолын сермеді. Екі-үш жеңдет Петяны үйден алып шығып кетті.

— Ал, сөйле!

Капитан бұл сөзді тым зілді, сені жеңдім деген пішінмен айтты.

— Капитан, біз орыс адамдары намысқор халықпыз. Жауға сыр айтудан әділ өлімді артық тұтамыз. Бірақ, мен қажыдым. Қажыттыңдар. Сыр сақтарлық енді менде қуат қалған жоқ. Тек қана намысымнан қорғанамын. Мен сырымды ақтарамын. Бірақ сендер әкең бәрін де айтты деп балама мақтанасыңдар ғой. Ол маған нәлет айтады. Содан ғана қорқамын.

— Біз оған айтпаймыз.

Капитан мені жұтып жіберетін аюандай қарсы алдым да емініп тұрды.

— Сенбеймін мен сендердің айлалы сөздеріңе.

— Сенінше, баланды босату керек-ау? Қусын, шал. Ол бола қояр ма екен? Немістер ондай аңқаушылықтың дұзағына түспейді.

— Мен олай демеймін. Сендер, немістер, ондай тілекті орындамайтындықтарыңа алдақашан көзім жеткен...

— Сонымен, не айтпақсың? — деді жирен капитан менің сөзімді бөліп, шыдамсызданып.

— Баламды өлтіріндер.

— Бұл қалай? — деп неміс сәл таңданғандай болды да — жарайды, оны орындау, біз үшін аса қыйынға түспейді. Бірақ, келісіп алалық, тілегіңді орындағаннан кейін қалтқысыз шыныңды айтасын. Тағы не тілегің бар?

— Баламның жанын қыйнамай өлтіріндер.

— Жақсы, — деді неміс бұл шартыма да қол қойып.

Кеше таңертең немістер менің тілегім бойынша көз алдымда баламды атты. Азап шеккен әлсіз дене ұлпа қарға құлап түсті де, сол бойымен қозғалмастан жатып қалды.

— Қош, жаным! Әкеңнің қолынан келгені осы бөледі, — дедім ыстық жас екі бетімді жуып. Міне, шырақ, жалғыз баламды өз қолымнан өлтіріп, ит пен құсқа жем етіп, көмусіз қалдырған адаммын, — деді қария ауыр күрсініп.

— Немістер сені қалай босатты? Соғыс құпиясын айттың ба? — дедім мен, шыдамсыздық білдіріп.

— Ей шырақ, төзімді тоздырма. Бір жанға екі рет өлу әділетсіздік емес пе? Баламды өлтіріп бір бүгілдім, енді арымды жерлемекпін бе? Я, шырақ, бөле берме әңгімемді, өзім де аяқтағалы отырмын. Сабыр ет, төрешілік беретін орыс азаматы сенсін, саған баяндап отырмын сырымды.

Баламды атқан қанды балақ неміс капитаны қан шенгелдеген қалпымен көзімнен жас сорғалаған маған қарап:

— Ал, тілегің орындалды. Ақтар сырынды, орыстың шалы, — деді. Мен жасымды тыйып, қайратымды жыйып:

— Ей, ақымақ неміс, еменнің майысқаны-сынғаны, орыстың сыр айтқаны—өлгені. Бар уайымым балам еді. Ол қайтпас сапарға аттанды. Мен өлімнен қорықпаймын. Айтарым жоқ. Арым үшін жаным құрбан. Ат мені! — дедім.

Жаңа ғана жадырап тұрған неміс капитаны менің соңғы сөзімді естіп, төбесінен жай түскендей недерін білмей мелшиіп тұрып қалды.

Ақымақ болғанын сезіп, немістер бір күн, бір түн ойланып, мен үшін ең ауыр жаза табуға бас қатырды. Олардың тапқаны мені азаппен өлтіру болды. Бүгін түсте мені селоның ортасына шығарып бар халықты жыйып, сөз сөйледі неміс капитаны. Мен туралы балағаттап бір-ер ауыз сөз айтты да, екі көзімді ағызды. Мені паналатып жәрдем етушіге ауыр жаза қолданатындығын ескертті.

«Ұлы Германияның қас жауы, ит өлімінде қаңғырып өлсін», — деп мені селодан шығарып қоя берді. Міне содан бері далбасалап жүріп келе жатқан бетім осы. Уақыт қанша, қай жерде тұрмыз? — деді қария.

— Таң атты, — дедім мен.

— Таң атты дейсің бе? Жарық дүниені көру арман екен ғой. Шырақ, ашы менің көзімді, кең далаға құмарта қарайын, — деді қарт мұңайған үнмен.

Николай Иванович әңгімесін аяқтап:

— Есінде болсын, Бәкен, анау тұрған бузылған жатаған қоңыр үйдің несі сол қарт. Сіз бен біз сол қарттың ерлігі мен езгілігіне мәңгілік ескерткіш етіп сол үйдің орнына тағы бір жаңа үй салуымыз керек.

Еңбек азаншысы — гудок айғайлады. Екі дос орындарынан тұрып жаңа құрылысқа қарай бет алды.





Сержант Беляков

БАЛЛАДА

Қалижан БЕКХОЖИН

Суреттерін жасаған А. ВОЕВОДИН

Досы бар әр кімнің
Шықпайтын жүректен.
Умытылмас бар күнін
Достықпен бір өткен.
Сүйікті жанына
Умытылмас ер де көп.
Бірақта бір бөлек —
Сержант Беляков.

... Асығып елге біз
Жат өлке шыңынан,
Шырқап біз келеміз
Өзгеше сұлу ән.
Өңшең дос асыппыз
Өлеңмен өрден көп.
Бірақ та мұнда жоқ —
Сержант Беляков...

Жаутаңдап артына
Жас қазақ қарайды.
Бата алмай айтуға,
Томсарып мұңайды.
Айт, қазақ, қайғың не?
Не ойладың сен бөлек?
Уһлеп ол деді:
— Сержант Беляков...

Дем алып алқына
Аңсап тым жүректен,
Қарайды артына
Іздеп көк жиектен.
Дейді ол:
— Тым ұзап
Кеттік-ау алға көп,
Қалдың-ау, жан досым
Сержант Беляков?

Өспедік біз бірге —
Екеуміз екі елден,
Ол туған Сибирьде,
Мен шықтым Меркеден.
Кездестік майданда —
Ішінде зор окоп,
Менімен болды дос
Сержант Беляков.

Секілді қос үйрек
Дауылда бірге ұшқан.
Қосылды шын жүрек,
Бейне бір туысқан.
Мен — қазақ, ол — орыс,
Біздей дос елде көп,
Бірақта бір бөлек —
Сержант Беляков.

Кей қыйын кездерде
Ренішті білмедік.
Бір түйір ван болса,

Бөлісіп бір жедік.
Көрсетті көмекті
Майданда маған көп, —
Бір туған ағамдай,
Сержант Беляков.

Жол ауыр майданның
Қорқыныш кей кезі.
Бірақта жайдары
Оның шат мінезі.
Көп жауған кездерде
Біз жатқан жерге оқ,
Әзілін айтатын
Сержант Беляков.

Ақ боран сокса да,
Ол бейне арыстан
Секілді, сұстана
Қасқыя қарысқан,
Оты бар жанында
Лаулаған онда кек,
Өр қайнар жан еді
Сержант Беляков.

Айтатын ол маған:
— Қорықпа өлімнен,
Тәйірі жігіт пе,
Өлімнен жеңілген!
Жүр, достым, тез жүгір.
Бас алға, алға тек! —
Деуші еді ұрыста
Сержант Беляков.
Бір күні екеуміз

Барлауға шығып ек,
Қасымыз төтен күз —
Үрейлі шуы көп
Тұр еді, сол күні
Айнала тұман боп,
Тек жарқын жүзді еді
Сержант Беляков.

Лай түсті тұманның
Ішінен көрінген
Секілді маған күн,
Жымыя ол күлген
Көңілсіз болса да
Аспан да қаракөк,
Көңілді бір ғана
Сержант Беляков.

Сол үшін жанымды
Бигеді қуаныш —
Өршіген дауылды
Достықтан туған күн
Қарады алысқа
Түнерген тұман боп,
Бір хабар алам деп,
Сержант Беляков.

Қарасақ алысқа
Келеді қалың топ.
Көктегі түйілген
Тұманды бұлттан көп
Бір жоғын көп іздеп,
Тапқан бір жандай боп.



Шаттады тағы да
Сержант Беляков.

Жүр, достым, бөлімге
Тез хабар берейік,
Достарды бұл жерге
Тез ертіп келейік.
Шатасқан жау тобы
Тұрғанда тұман боп,
Қырылсын, деді, тез, —
Сержант Беляков.

Соны айтып тұрғанда,
Білмеймін, кім атты?
Оқ тиді аяқтан —
Мені кеп құлатты.
Көтерді басымды,
Тигенде маған оқ —
Қамқорым, жан досым
Сержант Беляков.

Қансырап жаттым да
Көз жұмып өлімге:
— Сен, достым, бөгелме
Тез жөнел бөлімге —
Деп едім, жан досым:
«Мен құрбан саған», деп, —
Арқалап жөнелді
Сержант Беляков.

Өр кеуде денелі
Ұлы еді Сибирьдің,
Досын ап келеді
Сақтауға өмірін.
Қараса артына,
Қалыпты жауда кеп,
Сондықтан жүгірді
Сержант Беляков.

Мен зілдей бір таспын
Үстіне жабысқан.
Келемін әлсіреп,
Бойымнан ағып қан.
Тамшылап қара тер

Ақты бір одақ іса.
Сонда да келеді
Сержант Беляков.

Арқалап ол мені
Асты көп жылғадан,
Үрей сап төбеден,
Оқтар да зулаған,
Ажалдан сол төнген
Мені алып қалам, деп,
Шаршап бір кетіпті
Сержант Беляков.



Дедім мен:
— Қалайың,
Сен баршы бөлімге.
Сенемін достыққа —
Сенемін өмірге.
Тақалды қалың жау,
Қадалды маған оқ,
Жөнел сен, жан достым,
Сержант Беляков?

Қаптап жау келеді,
Жарқылдап отымен.
Құшақтап тағы да
Сүйді де бетімнен,
жүгіре жөнелді.
Тез қайта келем, деп,
Ер досым, сүйіктім
Сержант Беляков...

... Бетідім шуды мөб
Бір кезде тау жақтан.
Уралап жүгірген
Өршіте оқ атқан.
Кеткендей сол оқтан,
Таудағы талқан боп,
Ол атқан болар бұл
Сержант Беляков.

Қуыста мен жаттым,
Сол досым келмей көп.
Көз ашсам бір кезде
Аз ғана есім кеп,
Қасымда бір қыз тұр,
Бірақта досым жоқ,
Кешіктің сен неге, досым
Сержант Беляков?

Тауысып сабырды,
Жан досым мен күткен.
Урыста сол күнгі
Ашына ерлікпен
Асыға соғысқан,
Маған тез келем деп, —
Өліпті жан досым
Сержант Беляков...

Сол достың кегі үшін
Қайтадан тұрдым мен.
Майданда дұспанды
Ашына қырдым мен.
Қайттым мен жеңіспен,
Дұспаннан аллым көк,
Бірақ жоқ сүйіктім
Сержант Беляков...

Қараймын артыма
Көп іздеп қабырын,
Аңсап бір достықтың,
Шалқыған жалпын.
Айтшы тез, жұбатшы,
Сондай дос болам деп.
Болғандай маған дос —
Сержант Беляков.

Толық жерінде

О Ч Е Р К

Сағынғали СЕНТОВ

Суреттерін жасаған В. НЕСТЕРОВ

Бұл оқыға 1944 жылғы августа, Польша жерінде болып еді.

* * *

Жұмабек атқыштар ротасына алғаш келген кезде жап-жас, өрімтал, қарғыз бала жігіт еді. Бір көрмеге: Момақан. Тұйық. Ұяң. Ешкімге жанаспайтын. Ешкіммен тіс жарып тіл қатыса қоймайтын. Өзімен өзі бола беретін. Кешкілікте, қол бос кездерде, жалғыз өзі анадай жерге барып, үн-түңсіз ұзақ отыратын. Ойға шоматын. Қоңыр кеш бейуақып сырласқандай. Өзгелер естіп

қалмасын дегендей, созыңқы бір баяу үнмен кейде қоңырлатып ән салатын. Сөйтіп көңіл ашатын.

— Бұрын далаға шығып көрмегендіктен бе, әлде өзінің мінезі сондай ма, әйтеуір тым томаға тұйықтау ғой, — десетін ол туралы сөз қозғаған жолдастары.

— Бәлкім, әскер тұрмысына, майдан өміріне көндігіп үйрене алмай жүрген шығар.

Мұның бәрі оның құлағына талай шалынған. Естігенмен, не десін. Өзінің осы бөлімшеге келгеніне көп уақыт өте қойған жоқ-ты. Іш тартып жақын көріп жү-

ретім бір жолдасы жуырда ғана жараланып, госпитальға кетіп қалған. Өзірше ешкімге онша үйір болып шүйіркелесе қоймаған.

Күндер өтіп жатты. Рота өмірінде елеулі өзгерістер болды. Шабуыл басталды. Жылы орын, блиндаждар мен жер үйшіктерді тастап, жауынгерлер білек сыбанып ұрысқа аттанды. Белоруссияны азат еткен өңшең ерлер енді Польша жеріне кіріп, поляк халқына азаттық әкеле жатыр. «Батысқа!» деген жалынды ұран өп бойды билеп, алға қарай құлшындырды: екі қол қажуды білмеді, екі аяқ талуды білмеді. Шабуыл қанат бітіргендей.

Жұмабек те бұрынғысынан мүлде өзгерді.

— Айттым ғой, шымыр ғана деймін өзі. Қатардан қалып көрген жері жоқ. Еті тірі бала екен, — десетін болды оны әуел бастан білетіндер.

Ер жеткені рас. Қатардағы жауынгерден сержанттыққа шейін көтерілді. Бір күні рота командирі келгенде, алдынан жүгіріп шығып.

— Екінші взвод командирінің жәрдемшісі гвардия сержанты Уәлиев! — деп тақ ете қалды.

Баярының бірі жоқ. Шып-шыйрақ. Жып-жыйнақы. Ысылған. Бұрынғыдай емес, денесі толысып, өсіп қалыпты. Омыраудағы ордені, медалі, гвардия белгісі осының бәріне оған сайын көрік беріп тұр.

Рота командирі лейтенант Леушин жайлап басып келді де, Жұмабекке қолын ұсынды. Ол әскер тәртібінде атағы үлкен адам алдымен қол беретінін білетін. Салмақпен қол алысып амандасты.

— Адамдарың әзір ме?

Жұмабек «әзірмені» ә дегеннен аңғара қойды.

— Иә, лейтенант жолдас.

... Ертеңіне құланиск таң ата «той» басталды. «Бет ашарын» зеңбірек айтты. «Качюша» да үйреншікті әніне басты. Кәдімгі ұрыс музыкасы. Жер мен көктің арасы гу-гу. Тыныштығы бұзылғанын табиғат енді ғана сезгендей: сары бел солқ ете қалса, көк орман дір ете түседі.

Кезек «ұрыс түзінің патшасы» атын алған даңқты жаяу әскерге берілді.

Әне село. Польша селосы. Соны азат ету керек.

Жаяу әскерлер жедел ілгерілеп, дұшпанды қасарыса қарсыласуына қарамастан, траншеялардың бірінші қабатынан түріп шығарды. Алыс-жұлыс үстінде Жұмабектер екіншісіне де жетіп, ұрыс жүргізе бастады. Екі жақ қым-қуыт араласып кетті. Қарсы алдынан қалба-лақтай келіп қалған фрицтің біреуін Жұмабек винтовканың дүмімен салып өтті.

Ол басқарған взвод небәрі жарым сағатқа жетер-жетпес уақыт ішінде траншеяның екінші қабатын да алып болды. Енді селоның өзіне шабуыл жасау керек.

Немістердің мұқият тасаланып жасырынған бір «фердинанды» өкпе тұстан соқты да тұрды. Қарға адым жер аттатпағысы келінті. Маңайлатар емес.

Бәлеге бәле қосылды: снаряд жарықшағы тиіп рота командирі лейтенант Леушин ауыр жараланып қалды.

Бөлімшені енді кім басақарады, кім бастайды ұрысқа? «Бастайтын мен бармын! Тыңда, рота, командамды!» деп ұран тастап, бар жауапкершілікті өз мойнына алатын кім бар? Кім? Қане, қайсың шығасын топтан суырылып?

Әне сол бастығың! Ер соның соңына, рота! Кәдімгі Жұмабек. Гвардия сержант. Екінші взвод командирінің жәрдемшісі. Көшегі бір күндері ешкімге жуымайтын, тұйық мінез, жуас Жұмабек. Қазақтың көп қара домалақ баласының бірі.

— Рота! — деп айқай салды ол, орнынан қарғын тұрып. — Ер соңыма! Тыңда менің командамды!

Бүкіл ротаның, ондаған жолдастардың тағдірі хатер үстінде тұрғанда, топтан жалғыз суырылып шығып, қайрат көрсеткен адамды ер демей не демексін! Ол мұны тәуекелге бел буып, көз жұмып жіберіп істеген жоқ. Әңгіме құр өжеттікте емес. Ол өзінің қайратына, бүкіл ротаны басқаруға құдіреті жететініне сеніп істеді. Білегі де, білімі де толық екеніне көзі әбден жетті. Қысылшанда жол табу, сан адамды тар өткелден алып шығу, қарулас достарының өміріне, тағдырына жауаптылықты өз үстіне алудың қаншалық ардақты екенін Жұмабек тап сол мезетте жақсы білді. Дәл осыны түсіпудің өзі оның ойына көл-көсір күш бітіріп, сенімін арттырып жіберді.

Жауынгерлер өздерінің күнде көріп, бір жатып бірге тұрып жүрген майдандас жолдасы Жұмабектің соңына қалтқысыз ерді. Бұйрығын екі етпей орындады.

Жұмабек бір взвод селоның оң жақ бүйірінен, бір взвод сол жақ бүйірінен келіп тиіссін де, қалған взвод маңдай алдынан соқсын деп ұйғарып, дереу әмір берген еді. Сонысы табылған ақыл болды.

Өзінен айласы, тәсілі басып совет әскерлерінің тегеурініне шыдай алмай, жау селоны лажсыздан тастай қашты. Бірақ қашқан жау құтылып кете алмады, батальонның басқа роталары алдын орап алып, бұлтартпай тастады. Немістер қоршауда қалып қойды.

... Село тұрғындары біздің солдаттарды зор қошаметпен қарсы алды. Ян Вержбицкий деген қарт поляк Жұмабектердің алдынан шығып, тіл жетпес алғысын айтып жатыр.

— Рахмет, қарақтарым, сендерге! Сталинге рахмет? — дейді ол жасаураған көзін сүрте сөйлеп.

Қарттың қасында жасы өнекі-өнүштер шамасында бір бала тұр. Немересі екен. Ол Жұмабекке ұяла қарап, қызарған ішінмен:

— Ағай сізде Сталиннің суреті жоқ па? — деп сұрайды.

Азаттық әперуге әскерлерін жіберген Ұлы Адамның суретін көріп, бала мээ-мәйрам.

Сол күн әлі есте. Польшаның талай үлкен қалаларын босатысуға қатысқан ер, кез келген адам біле бермейтін мынадай бір шағын селоны өмірде ұмыттар емес.

Бәудеде сақтар жөні бар-ақ.



Крестьянин

ТЕЛЕГРАММАСЫ

(БОЛҒАН ӘНГІМЕ)

Иван ШУХОВ

I.

Қазақстан жері кең байтақ. Оның оңтүстігінде жасыл орманды зеңгір таулар, ағыны қатты асау толқынды өзендері бар. Солтүстігінде күміс көбікті айдын шалқар көлдері бар, сыңсыған қайыңды ормандары, құлашын кең салған жазық далалары бар. Мұның барлығын әсем бояулармен безенген мектеп бөлмелеріндегі географиялық карталардан көруге болады. Картада таулар қоңыр бояумен, көл мен өзен көкшіл бояумен, жазық дала жасыл бояумен белгіленеді. Карталарда қалалар дөңгелек сызықпен, ауыл мен село кішкене қара нөқатпен белгіленеді. Ал осы әңгіменің арқауы болғалы отырған «Баян» колхозын ешбір картадан таба алмайсыз. Ол туралы ешбір картада ешқандай белгі қойылмаған. Өйткені «Баян» кішкентай ғана ауыл. Ал, ондай ауыл көп. Олардың барлығын қаншалық үлкен болғанмен ешбір картада ерекше белгілеп көрсету мүмкін емес.

Бұл колхоздан республикамыздың орталығы Алматы қаласы да тым қашық. Ал, халықтардың көсемі Сталин жолдас қызмет істейтін Москвадағы Кремль онан да қанық. Географиялық картаны былай қойғанда, біздің республикамыздағы сырттан келген тосын кісінің ауылды даладан іздеп табуының өзі үлкен күш.

Сонау бір күндері осы кішкене колхоздың даңқы байтақ Отанның түкпір-түкпіріне жеткен болатын.

Енді біз соны баяндадық.

II.

Ұлы Отан соғысы басталысымен колхоз жұмысындағы қарулы жігіттер батырлық пен батылдығын жаумен айқаста сынауға майданға аттанды. Ауылдағы алуан салалы колхоз жұмысы еңкейген кәрі мен еркін жетілмеген жастың, етек басты ана мен еңбекте ысылмаған баланың сыбарасына қалды.

Ел жүрегі, Отан астанасы — Москва Қазақстаннан қанша қашық болғанмен, көсеміміз Сталин жолдастың кекке шыңдалған қаһарлы үнін қала мен дала қатар естіді. Көсем совет халқының батыр ұлы-қызын неміс басқыншыларына соққы беруге шақырды. Көсем дау-

сын «Баян» жігіттері де тыңдады, олар Отанды қорғауға аттанды.

Жігіттер соғысқа кетті. Ал, колхоз даласында теңіздей толқынданған егін орусыз тұрды. Сол жыл жаз ысы болды да, ақ бидай ерте піскен еді.

Соғысқа дейін егін жыйнау маусымы колхоз адамдары үшін зор қуанышты мейрам сыяқты болушы еді. Мұхиттың мұзын жарған кемедей, жайқалған егінді жапыра қыйып келе жатқан комбайн мен лобогрейкаға, бойын қуат көрнеген тракторға қарап тұрудың өзі тамаша көрініс болатын. Егін жыйнаған күндер, әсіресе колхоз балалары үшін, зор қуаныш болатын. Олар бау мен шемеле, мая-мая боп үйілген саломдардың арасына тырылып жасырымбақ ойнап, маз-мәйрам болушы еді.

Колхоз қарты Ерolla балаларға ұрыспаушы еді. Қайта олардың көңілді ойынына қызыға қарап:

— Ойнаңдар, бөй жазыңдар! Өсе беріңдер, қарақтарымы, — дейтін.

Ал, қазір сол қарт та жабырқау, тоқсан ойдың торабында жүрген тәрізді. Колхоз бастығында да жайдары жүз жоқ. Әр колхозшының қабағынан іреніш белгісін сезесіз. Бұлардың барлығының ойында шешуі қиын жалғыз ғана жұмбақ бар еді. Ол:

«Мынау егінді қалай жыйып аламыз? Не істеу керек?» болатын. Үлкендерді таңдандырып осы жұмбақты шешкен колхоз балалары болды.

Енді біз соны баяндадық.

III.

«Баян» балаларының өжеті де, тапқыры да, ойынның алуан түрін бастайтыны да он екі жастар Еркеш еді. Оның бойы аласа болғанмен, сырт пішіні дембелше күшке біткен шағын денесі еріксіз көз тұндырушы еді. Ол күресте ауыл балаларын шегінен қыйрата жығатын. Еркеш жасынан-ақ атқа үйір еді. Талай рет бәйге атына да шапқан. Ат арқасына тақымы тиді дегенше, оны аударып түсіру ересек жігіттерге де оңай болмайтын. Сондықтан да ауыл адамдары Еркешті бала дегеннен көрі, азамат деуді орынды көретін. Ал, иек-

тепте бірге оқытатын жолдастары да оны өздерімен әр-сек тұтып, соңынан еретін, айтқанын екі етпейтін. Оқушылардың ойын, саяхатының көбіне басшылық етуші де Еркеш болатын.

Сорыстың алғашқы күндерінде Еркештің де әкесі мен екі ағасы майданға кетті. Мейірбанды әке ең жауапты сапарға аттанарда Еркештің бетінен сүйіп, салқын түспен:

— Біз майданнан қайтқанша осы үйдің бас көтерер азаматы сен боласын, Еркеш. Шамаң келгенше апанды ренжітпе, біздің орнымыз ойсырамайтын болсын, — деген.

Әке мен аталары жүріп кетті. Еркеш түн бойы кірпік ілместен ұшы-қыйыры жоқ ұзақ ойға батты... Ер-теңіне кешке таман, бұрынғы әдет бойынша, достары келіп Еркешті ойынға шақырды.

— Мен енді бір үйдің бас көтерер азаматымын, ойнауға уақытым жоқ, — деді ол.

— Енді не істемексін, бір үйдің бас көтерері? — деп достары таңдану мен әзіл аралас сұрақ қойды.

— Мен не істесем, сендер де соны істеулерің керек. Не істейміз, неден бастаймыз, оны ертең айтамын, тәңертең маған келіңдер, — деп Еркеш достарын таратты. Келесі күні тәңертең Еркеш үйінің алдында біртоп колхоз балалары тұрды. Олардың саны он екі болатын.

— Егін басына барамыз, ал кеттік, — деді Еркеш.

Бұлар келгенде, алты лобогрейка бидай шауып жүрскен де, алты лобогрейка қырман басында бос тұрскен. Келген бетінде Еркеш Еролла қартқа:

— Ереке, мына лобогрейкелер неге бос тұр? — деді сабырлы дауыс, салқын түспен.

— Жоққа жүйрік жетпейді, деген, қарағым, оларды жүргізетін адам жоқ, — деп жауап қайтарды Еролла қарт. Мақалдап сөйлеу Ерекенің салты болатын.

— Ереке қыйналмаңыз, жорыңыздың орны толады, — деп, Еркеш жолдастарына қарап күлімдеді.

— Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты дегендей, тақ-тақ етесін ғой, саған осыны біреу үйретіп жіберді ме, жоқ, әлде өзің айтып тұрмысың? — деп қарт Еркештің бетіне таңдана қарады.

— Өзіңізге мәлім, менің әкем Ақынжан атақты лобогрейщик емес пе еді, мен соның баласы болайын да, лобогрейканы білмейтін. Бұл айтар ауыз, естір құлаққа ұят емес пе? Мен лобогрейканы жүргізе аламын, — деді Еркеш.

— Бізде лобогрейщик болғымыз желеді, — деп шу ете түсті Еркештің достары.

— Біз толық бір бригадамыз — алты лобогрейщик, алты ат айдаушы. Мына тұрған алты лобогрейканы жүргізуге ұлықсат етіңіз, күніне 30 гектар егін орауға уәде береміз, — деді Еркеш.

— 30 гектар деймісін? — деп қарт тағы таңданды.

— Ереке, Сіз көбейту кестесін білмейсіз бе? Сізше бес жерде алты нешеу болушы еді? — деп Еркеш қартты ажуалай сөйледі.

— Біләмін, бес жерде аты — отыз. Бірақ істе солай болып шықса?

— Алты лобогрейканың әрқайсысы күніне 5 гектардан кем ормайтын болады. Оған сеніңіз, қарт, — деді Еркеш.

— Есенке жүйрік көрінесін, жұмысқа қалай өкениңді істе сыналық, — деді Ерекең.

Қарт балалардың тілегін орындап, алты лобогрейкаға көлік беріп жастар бригадасын құрды. Ал, колхоз басқармасы Еркешті бригадир етіп тағайындады.

Жастар бригадасының жұмысы бірден мүлтіксіз жүріп жеткен жоқ. Өзгел үзіліп қалу, жетек шығып кету, көлік босап кету сияқты сәтсіздіктер алғашқы күндері тым жиі кездесетін. Орақ үстіндегі алаңнан толық дәнді, ауыр масақты, құшақ-құшақ бидай бауын үнемі сырып отыру күшке тиетін. Бұрын ауыр жұмысқа көндікпеген жас дене соққы жегендей салдырап қалатын, алақандар я қызарып, я отауланып, күлтіп шығатын. Ұзақ күп бойы самайдан аққан ащы тер пұшпаққа шейін сорғалайтын...

Бірақ бұл қыйындықтар ұзаққа барған жоқ. Бір жетінің ішінде барлық бригада мүшесі бауырынан жаранған бәйге атындай қатып-пісіп кетті. Бұлшық еттер қатайды, алақан қалыңдады, тер тартылды, жұмыс тәртібі де жолға қойылды. Жауынгер жастар бригадасы туралы аудандық газетте де мақала басылды. Өйткені жастардың сөзіне ісі сайма-сай түсті. Еролла қартқа Еркеш күніне 30 гектар орамыз, деп уәде берген еді. Бригада бірінші күннен бастап-ақ міндеттемесін арттырып орындайтын болды.

Еркеш бригадасындағы балалардың тамаша еңбек табысын көрген ауылдың басқа балалары да ойынды сирете бастады. Олар, замандастары жұмыста жүргенде, ойынға құмартып үйде отыруды өз бойларындағы мін деп тапты.

Оларда бірте-бірте егін жыйнау майданына араласа бастады. Бір тобы қырманда астық ұшырысты, екінші тобы тазартылған астықты мемлекетке тапсыру жұмысын қолға алды, үшінші тобы орылған астықтың орнында қалған масақты жыйнады. Немере-шөбересінің ерлік істеріне көңілі толған Еролла қарт күлімдейтін болды.



— Өркендерің өссін, қарақтарың! Сендердің мына өрліктеріңді есітсе Сталиннің өзі арнаулы алғыс айтқан болар еді, — дейтін Ерекөң.

Шынында да солай болып шықты. «Баян» балаларының өрлік істеріне Сталиннің өзі арнаулы алғыс айтты. Бұл қалай болды.

Енді біз соны баяндайық.

IV.

Соғыс басталғанына екінші жылға айналып бара жатқан еді. Мезгіл қыс.

Қызыл Армия майданда немістерді талқандап бара жатты. Барлық совет халқы еңбек өнімділігін арттыру арқылы, еңбегімен тапқан ақшасын мемлекет қорына қосу арқылы майданға үздіксіз көмек көрсетіп жатты. Кейбір колхозшылар басы артық малын сатып, кейбірі азық-түлік қорынан бөліп сатып, түскен ақшасына самолет пен танк сатып алуға көмек көрсетуді өтініп Сталин жолдасқа хат жазысып жатты. Көсем колхозшылар тілегін орындап, олардың ақшасына жаңадан самолет пен танктер жасатып, майданға жіберетіндігін хабарлады.

«Баян» мектебінің оқушылары жаздайғы еңбегінің табысын қыс түскенсін есептесе, бірнеше мыңдаған сом ақша тауыпты. Олардың табысына үлкен танк сатып алуға болатын еді. Балалар мұғалімімен ақылдасты.

— Танк сатып алуға, әрине, болады, бірақ сендер Сталин жолдасқа хат жазыңдар, — деп кеңес берді.

«Баян» балалары еңбек күндерін ақшаға шағып, колхоз есеппісі арқылы отан қорғау қорына өткізді де, көземге хат жазуға отырды.

«Москва, Кремль, көсеміміз Сталин жолдасқа», — деп бастады олар хатын.

«Біз еңбекпен тапқан ақшамызды отан қорғау қорына өткіздік. Сол қаражатымызға Ленинград қаласын қорғаушыларға танк сатып әперуіңізді өтінеміз».

Хаттың соңына отызға жуық «Баян» балалары қол қойды.

Айға жуық уақыт өтті. Бір күні аудан орталығынан бір кісі келіп, мектеп директорына арнаулы пакет тапсырды.

Директор пакетті ашып, төрт бүктелген ақ қағазды жазып жіберсе, телеграмма екен.

Москвадан, Кремльден, Сталин жолдастан!

Бес минуттің ішінде мектепке ауылдың еңкейген кәрі, еңбектеген жасы тегіс жыйналды. Директор телеграмманы оқып бастағанда, жыйналған жұрт біріне-бірі таңырқай қарасты. Телеграмма Еркеп Ақынжановтың атына келіпті. Ерлік еңбегі үшін, отанға еткен қамқорлығы үшін Сталин жолдас Еркеп пен оның достарына аталық алғыс айтыпты. «Баян» колхозы балаларының тілегі орындалады, депті көсем.

— Сталин айтты, болғаны десеңші, — десті жыйналған жұрт.

Шынығында да солай болып шықты.

Қызыл Армия шаңырағы!

(КОЙЫН ДЭПТЕРДЕН)

Сейтжан ОМАРОВ

1945 жыл.

Сентябрь айының бұлтсыз бір күні еді. Бұл райы оша салқын болмағанымен, Тынық Мұхиттан жайлап ескен суық жел күз мезгілінің нышанын сездіргендей.

Қ. қыстарына беттеп суыт жүріп келеміз. Күн кешкіріп қалды. Батар күннің қызғылт сәулесіне бөленіп алыстан Хинган таулары мұнарланып көрінеді.

Кешқұрым самарқуаланың будақтаған көк бұйра тұтін, шабаланың үрген иттер дауысы, шұрқырап кісінескен жылқылар — атамзаманғы ескі шым қорғанының ішінде тіршілік барын бізге айтып тұрғандай.

— Қыстақ осы қорғанның ішінде, ана тұрған дарбазасы, — деді де қосшымыз қытай жігіті біздің алдымызға түсіп, астыңдары жатаған көртөбелін шаужайлап дарбазара қарай тартты.

Біз оншақты адамбыз. Қызмет бабымен келгенбіз.

Қорғанның дарбазасында совет елінің алқызыл туы-

мен құшақтасып Қытай елінің көкала туы желбіреп тұр. Өн бойына шөп шығып кеткен осынау ескі қорған өткен күндердің ескерткіші секілді.

Маньчжурияда қорғансыз қыстақ кемде кем-ақ. Қытайлардың ұрымында қорған жауды жеңудің сенімді кешілі. «Қорғансыз қала мен қыстақ күнсіз өмірмен тең» деген нақыл бар қытай елінде.

Қыстақ бастығы ұзын бойлы, қысық көз, секпіл бет арық қара жігіт он шақты пөкерлерін ертіп шығып, бізді хұрметтеп қарсы алды.

Таң атып, күннің шығуы-ақ мұң екен, таяққа сүйенген күміс сақалды, ақ шапты шалдар, тырнаның баласындай шүйірлеген қара домалақ балалар, қолан шаптарын желкелеріне шарт түйіп, ерекше кінген қасық аяқ әйелдер біз тоқтаған лашыққа қарай ағылды. Қарайған жанның қолында бір-бір қызыл жалау. Бұрын жауар күндей түнерген қабақтар бұлтсыз ас-

пандай жадыраған, тозған қайрақтаай тотыққан беттерге өзгеше бір нұр кірген. Бөбектерін арқаларына таңып алып, бізбен дидарласуға, келген саркідір әйелдердің біреуі көп ішінен суырылып шығып полковник Новиковке гүл ұсынды да:

— Сіздің Қызыл Армия осы қасиетті гүлдей құлшыра берсін, — деді.

Ел қуанышы дауыл күнгі теңіздей толқып, шетсіз, шексіз Маньчжурия даласының арнасынан асып кеткен секілді.

Сығырайған қара көзін бізден алмай танданған шішінмен қарап тұрған бір қара домалық баланың жолына ұстап полковник өзіне қарай тартып еді, ол шошынып бақырып жылап қоя берді.

Полковник әдемі қаңылтыр құтыдағы конфетті баланың қолына ұстатты. Ол енді әлгіндей емес, күлімсіреп, конфетке жабыса түсті. «Сендер де үлестеріңді алып қалыңдар» дегендей күлімдеп басқа балаларға қарады.

Балалардың үстіндегі бөз көйлектерінің жамаудан ине шаншар жері қалмапты. Тылтыйған шолақ шалбарлары қотыр түйенің жабуындай бой-бой, баттасқан кір. Құжынаған сіркелері сыртына шығып кетіпті. Бет-ауыздарын аналарынан туралы жуып көрмеген бердерсің, тек көздері ғана жылтырайды, ақсыйып тістері көрінеді.

Полковник тілмәш жігітке:

— Мына балалардың үстіндегі киімдерін шешіндіріңдер, — деп бұйырды.

Оның не оймен айтқанын ә дегенде ұға алмай тілмәш сасып қалды.

Полковник сол жерде — жапондардан қолға түсірілген киімдерді жайып қырық шақты баланы мұздай киіндіріп шығарды.

Өмірінде мұндай жақсылықты көрмеген қытайлар қайран қалды. Кейбіреулері қуанғаннан жылап жіберді.

— Бұл негкен инабатты адамдар! Бұл не деген жо-марттық!

— Қызыл Армияның өркені өссін!

— Орыс еліне рахмет!

Жүрек қуанышын бейнелейтін жалынды ұрандар толықсып көкке өрледі.

Бурыл сақалды бір шал көп алдында қобызға қосып

ән шырқады. Жапондар үстемдік құрып тұрған кезде тілі күрмеліп, мысы құрыған кәрі бұлбұл қарлыққан дауысын барынша сілтеп аспандата шырқады өзі сүйген әсем әнін.

Жапондар кезінде бұл әнді қарт тек жүрегінің сандығына сақтап, осы күнге дейін де алып жетіпті.

Сыбызғы тартып, барабан қаққан бір топ жастар да қартқа үн қосып, оны көтермелеп жатыр. Біреу билеп, біреу жырлап қуаныш думанын қыздырып жіберді.

— Бұл әнді бұдан жүз жыл бұрын өткен бір өнерпазымыз шығарған екен. Шетел басқыншыларын жек көруге шақыратын осы әнді жапондар естісе аза бойы тік тұратын еді, — дейді шалдардың біреуі еркін сөйлеп. — Бақыт күшіміз туды енді. Шырқа, кәрі бұлбұл, іркілме!

— Бұрнағы жылы осы әнді шырқадың деп жапондар көп алдында бес жігіттің тілін қырыққанын неге айтпайсың, — деп орта жастағы бір қытай әнші шалдың аузына сөз салды.

Ән бастаушы шал қобызын қасына қойып, нұрсыз қоңырқай көзінің жанарына іркілген жасты шыт шапанының жеңімен сұртті.

— Мына кісі неге жылайды? — деп сұрадық.

— Айыпқа бұйырмаңыз, хұрметті капитан, ол қуанғанынан жылайды, — деді орыс тілін шала білетін бір жігіт...

Әнші шалға полковник Сталин жолдастың әдемі жарқын суретін сыйға тартты. Оң қолын төсіне қойып, басын иіп тәжім етті қарт. Өздерінің жарқын болашақтарын сол ұлы жанның келбетінен көргендей. Жұрттың бәрі жапырласып Сталиннің суретін көріп жатыр.

— Рус Шаньго!

— Сталин Шаньго!


— Ниппон*) Пухо.

Ә дегенде «Шаньго», «Пухо» деген сөздер құлағымызға оғаш естілді. «Шаньго» жақсы, «пухо» жаман деген сөз екен.

Біз де «Шаньго»ны екі сөзіміздің бірінде қайталап айтатын болдық.

«Шаньголап» орманда бұлбұл сайраса, тауда қыран санқылдайды...

*) жапон деген сөз.





ДОСТАР ХАТЫ

*Москва және Қарағанды
оқушыларының хаттары*



Өткен оқу жылының соңында Москваның Киев ауданындағы 76 санды қыз балалар мектебінің оқушылары Қарағанды қаласының оқушыларына хат жазды. Ол хаттарда Москва жайында, өздерінің өмірі, оқуы, пионер жұмыстары айтылған еді. Москва жас ұландары өздерінің бір хатында былай деп жазды:

«Совет өкметі тұсында біздің елімізде ірі өзгерістер болды. Ол өзгерістерді айтып тауыса алмайсың. Біз сендерден өздерінің өмірлерінді, оқуларыңды, алыстағы Қарағандыда қандай құрылыстар салынып жатқанын жазып тұруды сұраймыз. Сонымен қатар біз де Москва туралы жиі және толық жазып тұруға уәде етеміз».

Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінің қыздары Бекенова, Ақпанова, Молдабаева Москвадағы достарына бірінші болып жауап қайтарды.

«Қымбатты достар!

Алыстағы Қарағандыдан біздің жаныңды сәлемімізді қабыл алыңыздар. Біздің қаламызда көмір тау-тау болып шығарылып жатыр. Соғыстан кейінгі Сталиндік жаңа бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін шахтерлер алып жігермен еңбек етуде. Жаңа шахталар, пәтер үйлер, балалар үшін мектептер, бақшалар салынып жатыр.

Біздің басты міндетіміз — жақсы оқу. Біз сабақты жақсы, өте жақсы үлгеруге тырысудамыз. Біздің ішімізде облыс орталығына орыс тілін нашар білетін алыстағы ауылдан келген қыздар да бар.

Біздің сіздермен жазысқан хаттарымыз орыс тілінен алған білімімізді жетілдіре, арттыра түседі деп сенеміз. Біз сіздерге орыс тілінде жазған шығармаларымызды, өз мектебіміздің тарихын жіберіп отырмыз»...

Теміртау қаласындағы Панфилов атындағы орта мектептің оқушылары Москва оқушыларына арнаған хатында металлургияның жас қаласын, өздерінің жаңа оқу жылының басталуына салынып біткен әдемі жаңа мектебін қуаныш етіп жазды.

«Сіздер өте бақыттысыздар, өйткені ұлы Сталинмен бірге бір қалада тұрасыздар, — деп жазды олар. — Мүмкіншілігінше, бізге Москва туралы толығырақ жазыңыздар. Біз ұлы Отанымыздың астанасы, мәңгі өшпес даңқтың ордасы — Москваны мақтан етеміз».

Бұл хаттың жауабы кешікпей келді. Москва пионерлері «Москва—социалистік мемлекеттің астанасы» — деген тақырыпта Теміртау оқушыларына сыйлық үшін фото-альбом дайындап жатқанын хабарлады.

Москвалықтармен хат жазысу күн санап жиілеп келеді. Олармен енді бір ғана Қарағанды оқушылары хат алыспайды, Балқаш, Жезқазған қалалары, Ұлытау, Қу, Шет аудандарының оқушылары да Москва пионерлерімен хат жазысып тұрады. Шет ауданының «Шет-жарық» колхозындағы мектептің оқушылары жас достарына былай деп жазды:

«Біздің колхозымыз мал өсіреді. Ол елімізге ет, май, сүт, жүнді көп береді. Біз жас төлді аман сақтауда

колхозға көмек көрсетіп отырамыз. Көпшілігіміз жаздыкүні алыстағы мал жайлымына, жайлауға барып қозы, бұзау бағамыз. Ауылға күздікүні, оқу басталар кезде қайтамыз. Біздің колхозымызда Аужан Сарымбаев деген белгілі шопан бар. Ол қазір 75 жаста. Бірақ, дені сау, әлі мықты. Біз ол кісіге жиі барып, кеңес алып тұрамыз. Ол бізге малды қалай бағу жолдарын үйретеді».

Мектеп оқушыларының хаттарында сарқылмас отаншылдық ыстық сезім жатыр. Болашақта қайрат-күштері мен білімдерін Отан үшін сарп ететін ұландардың бүгінгі тілегі мен талабы бар. Қарағандыдағы 18 санды мектептің 10-класс оқушылары Зоя Бушнева, Нина Ищенко, Вера Кизилова және Мария Хохлова Москвадағы достарына былай деп жазды:

«Быйыл біз мектепті бітіріп шығамыз. Біздің алдымызда жарқын, қызықты өмір тұр. Москваның тамаша университеттері мен институттарына барғымыз келеді»...

Жуырда Қарағандының облыстық оқу бөліміне Москвадағы 76 санды қыз балалар орта мектебінің оқытушысы Л. Апарниковтан хат келді, ол хатында қарағандылықтардың хаттары үшін бұл мектепте арнаулы бұрыш ұйымдастырылғанын айтады.

«Москва мен Қарағандының мектеп оқушылары, — деп жазады астана оқытушысы, — қабырға газеттерін, өздері салған суреттерін, қолдан жазған журналдарын, гербарилар, жыйнаған өсімдік түрлерін алмастырып, пікір алысуда — Москвалықтар Қарағанды облысының селолық аудандарына көптеген көркем әдебиет кітаптарын жіберді. Оларға толық етіп пионер, комсомол жұмыстарының жайын жазды. Біздің еліміздің халықтарының достығының күәсі — Сталиндік заманның жас ұрпақтарының достығы күшейте нығая берсін!».

Г. ГАРКУША.



БІЗ КОЛХОЗДА БОЛҒАНДА

Біз бұл жорықтың басталуын асығыспен күттік. Алдымыздағы жорық нәтижесі қандай болар екен деген ой дегбіршімізді алып, тағат таптырмады.

Таңертеңгі сағат 8. Жорыққа қатысушылар мектептің алдына жыйналдық. Барлығының да көңілдері көтеріңкі, жүздері жарқын. Бір мезгілде мектептің аға пионер вождаты-йы Энна және денешынықтыру пәнінің мұғалімі Леонтий Федорович Кобрин де келді. Олар да бізбен бірге жорыққа шықпақ.

Қала сыртында бізге кездескен бірінші кедергі — өзен болды. Олар еріп, суы жайылып жатыр екен, тура өтуге мүмкіндік болмады. Көпірмен екі ара бір километрге жуық жер еді. Айналып өтуге ұйғардық.

Өзеннен де өттік. Біздің алдымызда ақ көрпе жамылған кең жазық дала жатыр. Оған әлі шаңғының табаны тимеген. Көктегі күміс күннің нұр сәулесімен ақ қар күмістей жарқырайды. Осы кең даланың ортасын қақ жарған жіңішке жол сілемі тура Сталин атындағы колхозға тартты. Біз сол жолмен баяу ғана жүріп отырдық. Жолшыбай кездескен бір колхозшы:

— Келе жатырсындар ма шырақтарым, — деді күлімдеп, — барындар, барындар, онда сендерді колхозшылар күтіп отыр.

Колхозшылардың біздің келетіндігімізді күтіп отыруы, бізді бұрынғыдан да асықтырды. Біз жүрісті жылдамдата түстік. Жолшыбай кездескендер бізді бірден таныды.

Біз колхоздың көшесіне келіп кірдік. Бізге әуелі балалар жолықты. Олар айғайлап, шулап, күліп, бізбен қатарласа жүріп келеді.

Бізді көргендер:

— «Артистер келді!» — десті.

Біз оларға артистер емес, оқушылар екенімізді айтып түсіндірдік.

Күндізгі сағат 2 де жергілікті советке депутаттыққа ұсынған адамдармен сайлаушылар кездеспек екен. Міне, біз сол жыйылысқа дәл келіптіз.

Кандидатпен кездесу жыйылысында біздің ішіміздегі Наташа Данилова және Лида Менчукова сөйледі. Олар біздің ұлы социалистік Отанымыз туралы, дүние жүзінде ең әділ, ең демократияшыл сайлау туралы айтты.

— Мен әлі 18 жасқа толғамын жоқ, сондықтан да жуырда болатын сайлауда дауыс бере алмаймын. Мен сіздердің қалаған кандидаттарыңызға дауыс беретіндіктеріңізге қызығамын. Бірақ енді 5 жылдан соң, мен 18 жасқа толамын. Сонда мен де мақтанышпен, совет адамдарының мақтанышымен, өзімнің қалаған кандидатыма дауыс беремін. Ал, қазір мен сіздерді Отанымыздың адал ұлдары мен

қыздарына, коммунистер мен партияда жоқтардың сталиндік одағының кандидаттарына бірауыздан дауыс беруге шақырамын. Біздің бірінші бүкілхалықтық кандидатымыз ұлы Сталин жасасын! — деді Наташа Данилова.

Жыйынның соңында біз өзіміздің ойын-сауығымызды бастадық. Клуб іші жыйналған жұртқа лық толды.

Біздің концертіміздің көпшілігі әндер мен билер еді. Біз «Сталин туралы жыр», «Москва» деген әндерді хор етіп айттық. Колхозшылар өздеріне аса ұнаған әнді, биді екінші рет қайта орындатып отырды.


Колхозшылар мен бастауыш комсомол ұйымы бізге алғыс айтты. Олар біздің алдағы уақытта да келіп тұруымызды, ойын-сауық қойып беруімізді және үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізу ісіне көмектесуімізді сұрады.

Біз олардың тілегін орындауға, көктем егісі кезінде тағы да келіп, ойын-сауық қойып беруге уәде бердік.

Біз кешкі сағат 5те колхозшылармен қоштасып қалаға оралдық. Жол таныс. Алғашқыдай емес жылдам жүрдік. Қас қарая мектепке келдік.

Ася БАЛТАБАЕВА,

Алматы, 36 санды қыз балалар орта мектебі.



Балқаш қаласындағы Пионерлер үйінде шахмат, би және қолөнершілер үйірмелері ұйымдастырылды.

Суретте 3 және 8 мектептің оқушылары (солдан оңға қарай): Витя Власов, Югай Тимоша, Толя Фаерман және Костя Воронаев шахмат ойнап отыр.

Суретті түсірген П. Редько.



ЗВЕНО ВОЖАТЫЙЛАРЫНЫҢ ЖЫЙЫНЫ

Бізге, дружина советінің мүшелеріне, звено вожатыйлары жиі-жиі келетін. Олардың әрқайсысы:

— Звенода жұмысты қалай жүргізуге болады? Жыйын қайтсе қызықты өткізіледі? — деген сұрақтар қоятын. Оларға жауапты, нұсқауларды жекелеп беріп жүрдік. Бірақ мұндай жағдайда тек звено вожатыйының сұрағанына ғана жауап беріп, басқа басты мәселелер ұмыт қалатын болды.

Бір күні дружина советінде звено вожатыйларының арнаулы жыйынын өткізуге қаулы алдық. Бұл жыйында звено вожатыйларына звено жұмысын қалай жүргізуді түсіндірмек болдық.

Міне, звено вожатыйларының тұңғыш жыйыны ашылды. Жыйналған пионерлер: «Вожатый бірінші жыйында неден бастар екен?» деп асыға

күтті. Ортаға ара вожатый Августина Вершинина шығып:

— Бір қатарлы сапқа тұрындар! — деп команда берді.

Бірақ, кейбір звено вожатыйларының сапқа бірден дұрыс тұра алмайтындығы байқалды.

Аға вожатый оларға сапқа қалай тұруды түсіндірді. «смирно» және «вольно» командасы берілгенде, денені қалай ұстауды үйретті.

Мұнан кейін балалар екі қатарлы сапқа (екі шеренгіге) тұрды. Барабан үнімен маршировка жасады, музыка тартылып, өлең айтқанда аяқты дұрыс алуды үйренді. Балалар 8 — 10 адамнан топ-топқа бөлініп, команда беріп жаттықты.

Сонсоң звено вожатыйлары кезекпен келіп, вожатыйға рапорт берді. Бірақ, мұнда да звеновойлардың барлығы бірдей рапортты жақсы бере алмайтындығы сезілді. Кейбір звено

вожатыйлары рапортты бергенде, ебі айта алмай, бөгеліп, шатасып, жаңылып қалды, ал кейбіреулерінің дауысы ашық шықпай, мінгірлеп, бөгеліп қалды.

Будан кейін дружина советінің мүшесі Сейтен Серіков қысқы әскери-спорт ойындарын қалай дайындап, өткізуді звеновойларға үйретті. Сонымен қатар ол пионерлердің таңертеңгі денеқыймылы жаттығуларын жасауы туралы айтты.

— Қазір біздің дружинада барлық пионерлері таңертеңгі дене қыймылы жаттығуын жасайтын тек бір-ақ звено бар. Бұл — Соня Сүлейменованың звеносы. Бұл звеноның пионерлері өздерінің кластарына үлкен сурет іліп қойды. Онда дене қыймылы жаттығуларының қалай орындалатындығы көрсетілген. Ал басқа отрядтың пионерлері осындай сурет жасап, іліп қоюға болмас па еді? — деді ол.

Звено вожатыйларының жыйыны әскери-спорт ойынымен аяқталды.

Келесі жыйынымызға мектептің әскери жетекшісі Красюков ағайды шақырмақпыз. Ол бізге шаңғы мен конькиді күтіп ұстауды, муз ойнақ жасауды үйретеді. Сондай-ақ жыйында «Барлаушы» және «Мерген» деген ойындар өткіземіз.

Хайдар МЫРЗАХМЕТОВ,
Луговой ауданы, Луговой орта мектебі.



КӨНІЛДІ ДЕМАЛЫС

Шаңғышылар бейне теңіздің толқыны секілді алға серпілді. Тоқсан жеті шаңғышы тегіс қозғалғанда, жорыққа аттанған қалың қол сыяқты болып көрінді. Олар мөлшерлі жерлерді белгілі мерзімде айналып шығу үшін алға басты. Бәрі де асығуда... Уақытты ұтқысы келеді... Осы кезде жас шаңғышалардың қыймылына қарап тұрған әрбір адам:

— Тез!.. Жылдам!.. дегендей.

Жарыстың қашықтығы екі түрлі: қыздар үшін 1,5 километр, ер балалар үшін 3 километр.

3 минут өтті... 6 минут өтті... 8 минут өтті. Міне, міне көмбеге қыздар тобы тақап қалды. Бірнеше секунд өткен соң бірінші болып 64 санды мектептің оқушысы Людмила Кубышкина келді. Ол 8 минут 5 секунд

та келіп, қыздар тобынан бірінші орынды алды. Будан соң 8 минут 8 секундта 22 санды орта мектептің оқушысы Александра Дмитриева келді.

Ер балалардың да тобы көріне бастады. Олар қатты шапшандықпен келеді. Көмбеге жақындады. Алдағы келе жатқан екеуі бірінен-бірі кейде озып, кейде қалып жанталаса сырғанауда.

Ер балалардан бірінші болып, 18 минут 40 секундта 14 санды орталау мектептің оқушысы Петр Ештокин келді. Екінші орынды 20 минут 4 секундта келген 58 санды орталау мектептің оқушысы Иван Болганов алды.

Балалар, бұл қысқы демалыс кезі-

де Алматыда өткен жас шаңғышылар жарысының бір көрінісі.

Алматы қаласы оқушыларының быйылғы қысқы демалысы өте жақсы өтті.

Алғашқы күні қаланың орталығындағы панфиловшы 28 гвардияшылар атындағы паркте оқушылардың қалалық серуені өткізілді. Мұнда үлкен елка қойылып, кең муз ойнақ жасалған. Елка маңы зор тамшаның ордасына айналғандай болды.

Мемлекеттік филармония мен жасөспірімдер театрында және қаладағы мектептердің бәрінде де жаңа жылдық елка өткізілді.

Астанадағы оқушы пионерлер ұйымдасқан түрде Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрынан «Князь Игорь», «Төлеген операларын тындап, балалар және жасөспірімдер театрынан «Жас гвардия», «Қызыл галстук» «Қарлы ханым» спектаклдерін көрді. Балалар астанадағы кино-театрларға да барып, «Зоя», «Полк баласы», «Біздің елдің жастары», «Адмирал Нахимов» тағы басқа тамаша фильмдерді көрді.

МАЙГҮЛ

Майгүл мектепке кіре бергенде, ұзын коридорда жүрген пионерлер қаз-қатар сапқа тұрғандай бола қалды. Олар шетінен вожатыйға салют беріп амандасты. Вожатый да пионер бөлмесіне жеткенше қолын көтеріп, салют беруде болды.

Бұл Семей қаласындағы II санды қазақ орта мектебі пионерлерінің аға пионер вожатый Майгүл Дадабаевамен кездесуі еді.

Оны дружина пионерлері «Майгүл апай» деп атайды. Ол расында апа, оның інілері мен сіңлілері көп. Осы мектепте оқып жүрген оқушы пионерлердің барлығының апасы ол.

Зәулім мектептің сәулетті кең залында ән шырқалып жатыр, оған жас домбырашылардың күйі қосылады.

Осы жас өнерпаздардың ортасында Майгүл жүр. Ол әнді өзі бастайды, пионерлер түгел қосылады.

Бұл мектепте бұрын шахматшылар жоқ еді. Қазір пионерлер арасында жас шахматшылар шыға бастады. Олар вожатый арқылы интернатқа, пионер бөлмесіне шахмат алдыруды тілек етіп қойды. Майгүл пионерлердің бұл тілегін де орындатты. Қазір олар қолдары бос уақытта шахмат ойынын үйреніп, өзара жарыс ұйымдастырып жүр.

Майгүл дружина пионерлерінің бос уақытын ұйымдасқан түрде, көңілді өткізуге тырысады. Демалыс күндері шаңғы тебуге шыққалы жатқан, «Динамоға» барып коньки тебуге жыйналған, кино-театрға бармақ болған пионерлердің ішінде Майгүлді көреміз. Ол балаларды бірлесіп жұмыс істеуге, спортпен шұғылдануға, көркем әдебиет кітаптары мен газет-журналдарды дауыстап оқуға, оны өзара талқылап пікір алысуға баулайды.

Дружина советінің председателі Мәкен Қәрібаева келесі жыйынды «Бесжылдық жоспар» туралы өткізуді ұсынды. Әрине, бұл өте қызықты тақырып. Бұған барлық пионер отряды қатысуы тиіс. Бірақ мұны қалай өткізу керек, пионерлерді қалай қатыстыру керек. Бұл жөнінде Мәкен көп ойланды. Ол аға вожатыймен ақылдасты.

Майгүл дружина советінің ұсынысына толығынан қосылып, оған жоспар жасауға көмектесті. Мұны оқытушылар советі де толығымен қабылдады.

Аға вожатый былай деп ұсыныс жасады:

Бірінші отрядта суретші пионерлер көп. Олар облыстық советтің жанындағы жоспарлау комиссиясына барып, облыстың бесжылдық жоспары туралы материал алсын және әңгіме өткізетін адам сұрасын.

Бұл тапсырма ойдағыдай орындалды. Отряд пионерлері керекті материалдарды тез жыйнап алды. Сол материалдар бойынша диаграммалар әзірленді, олар түрлі суреттер қыйып алып, «бесжылдықтың» альбомын жасады. Майгүл осы жұмыстың бәріне де араласып, пионерлерге басшылық етіп отырады.

Жас дос, бүгінгі оқып жүрген география сабағы сені болашақта географ болып шығуыңа әзірлейді. Әдебиет үйірмесіне әуестене қатысып жүріп, мүмкін сен ке-



Қарағанды қаласы, қазақ орта мектебінің IV-класс оқушылары ана тілі сабағында.

Суретті түсірген П. Редько.

лешекте жазушы боларсың. Мектептегі сауық үйірмесіне қатысып жүріп, өскенде атақты артист боларсың. Сенің болашағың қандай кең! Модель жасап жүріп, ержеткенде инженер-конструктор болу қиын ба саған. Әрине қиын емес. Сенің осындай өнерлі, өнегелі болып өсу үшін аға вожатый көп уақытын өткізіп, аса бағалы жұмыстар істейді.

Сен жастай кішілейіл болуың керек. Жасы үлкенді сыйлау, жасы кішіге көмектесу—сенің пионерлік борышың. Ал, Майгүл пионерлерден осыны талап етеді. Ол сабақтан қол бос уақытта пионерлерді ертіп жүріп, мүгедек, қарт адамдардың пәтер үйін жөндесу, суын әкеліп, отынын жарып беру сияқты іске баулайды оларды.

Майгүл ата-аналармен де дос. Ол үй-үйді аралап жүріп, пионерлердің ата-аналарымен танысады, олардың үйдегі өмірін, уақытты қалай пайдалануын біліп отырады.

Өткен жылы Семейдің бір топ пионері Алматы қаласына саяхат жасап барып қайтты. Олар астананың көп жерінде болды. Хаюанаттар паркінде, ботаникалық бақшада, Орталық музейде, балалар мен жас өспірімдер театрында, халық поэзиясының алыбы Жамбылдың ауылында болды. Көп нәрсемен танысты. Саяхатқа аттанған балаларды туған-туысқандары, оқытушылар коллективі мен комсомол, пионер ұйымдары Майгүлге сеніп тапсырған еді. Ол бұл сенімді де зор аброймен ақтады.

Майгүл оқытушы да. Ол класта сабақ бергенде де, өзінің ісіне зор ұқыптылықпен қарап, оны өте жоғары бағалайды. Ол өз бойына біткен жақсы әдетін, үлгілі ісін барлық пионерлерге үйреткісі келеді. Ол мұны Отан алдындағы борышым, әрі міндетті ісім деп түсінеді. Сондықтан да оны жас пионерлер өздерінің сүйікті туған әпкесіндей көріп, оған зор хұрмет көрсетеді.

Ж. ЖАНАТОВ



ОТРЯДТА КІТАП ОҚУ

Кітап — адамның өмірінен үлкен орын алады. «Мен кітапты жақсы көремін, сүйемін, — дейді Максим Горький. — Мен кітап туралы сөз қозғғанымда, көңлім терең тебіреніп, қуаныш шабытым шалықтап кетеді. Бойымдағы бар жақсы қасиеттерім үшін мен кітапқа борыштымын». Әсересе, адам өмір табалдырығын жаңа аттаған кезде кітаптың маңызы ол үшін айырықша зор.

Кітап баланы айналасындағы дүниенен, Отанымен, қажырлы, тасқынды еңбекпен, жоғарғы идеялар үшін қызмет етушілікпен, батырлық және табандылықпен, адамның қуанышы және шеккен азаптарымен, сүйіспеншілік және өшпенділік, достық және жолдастық сыяқты езгі сезімдермен таныстырады. Солар туралы балаларға әңгіме шертеді. Кітап ақыл-ойды байытады, түрлі сезімдерді оятып, тәрбиелейді. Адамның ішкі дүниесін кеңейтеді.

Кітап — білім булағы. Кітап болмаған күнде біз өзіміздің көзімізбен көріп, құлағымызбен естігендерімізден басқа ешнәрсені білмеген болар едік. Кітап сан ғасырлар бойы адам баласы жыйнаған білім қазынасына біздің қолымызды жеткізіп отыр. Кітап бізді өткен күнмен, біз туасы маңайын баспаған жат өлкелермен, біз туасы бас қасында болмаған таңғажайып уақыттармен, біз туасы көзбен көріп, қолмен ұстамаған нәрселермен таныстырады.

Түрлі дәуірдің, түрлі ұлттың адамдары өздерінің ой-пікірі мен сезімдерін, білімі мен көріп білгендерін, ашқан жаналығы мен ұлы армандарын кітап бетіне жазып қалдырып отырған. Бұлардың бәрін біз тек кітап арқылы ғана біле аламыз.

Кітап — жомарт, ол өзінің шын достарына ешқашан сараңдық жасамайды.

Оқушыны кітап оқуға үйрету, кітап оқуды дұрыс бағалап сүйе білуге баулу, пионерді кітаптың досы ету — ата-ананың, мұғалімнің, кітапханашының борышы және бұл сенің борышың. Вожатый. Пионерлерге дұрыс

көмек көрсету үшін өзің кітапты көп оқуың керек. Сен баллардың қай кітапты оқып жүргенін, қалай оқып жүргенін біліп отыруың хажет. Сен өзің мәдениетті оқушы болуға тиістісің. Сен пионерлеріңе оқытатын кітаптар ұсынып, қызықтырып, оқуына бағыт беріп отыруға міндеттісің.

Отрядта кітап оқуды неден бастау керек?

Ең алдымен пионерлерің қандай кітаптар оқып жүргенін, олардың сүйіп оқытатын кітаптары қай кітаптар екенін біліп ал.

Кішірек балалар Пушкиннің, Лермонтовтың, Абайдың, Алтынсариннің шығармаларынан не оқыды екен, қай ертегіні біледі екен, соны сұра.

Ересек балаларға мынадай сұраулар беруіңе болады:

Орыс, қазақ классиктерінің қай шығармаларын оқыдыңдар? Совет жазушыларынан кімнің шығармаларын оқыдыңдар? «Балалық шақ», «Кісі есігінде», «Хажымұрат», «Құрыш қалай шынықты», «Менің мектептерім» және басқадай белгілі кітаптарды кім оқыды екен, соны сұрап біл.

Мунан кейін сүйікті кітаптар жөнінде әңгіме өткізгенің жөн. Бұл әңгімені пионерлерге: «әр қайсың өзінің сүйіп оқытатын сүйікті кітаптарыңды атаңдаршы!» — деген сұраудан бастауға болады. Кейбіреуі «менің сүйікті кітабым жоқ» деуі мүмкін. Бірақ, көпшілігі, егер оларға бір ғана кітап емес, бірнеше кітапты атауларына болады деп алдын ала ескертсең, сүйіп оқытатын кітаптарының атын атайды. Кейде балалар өздерінің жуықта оқыған, одан алған әсері әлі айықпаған кітаптарын тез атай қояды, осыны ұмытпа. Сондықтан: «Ол кітапты неше рет оқып шықтың?» — деп сұраған жөн. Өйткені бірнеше рет қайталап оқылған кітап баланың шынында сүйікті кітабы болуы мүмкін.

«Бұл кітап саған неліктен ұнады?» деген үшінші сұрауың сөз қозғайды. Сөйтіп балалар бірнеше қызықты кі-

таптармен танысады. Бұдан әрі балалардың бәрі бірдей яки көпшілігі сүйікті кітабым деп атаған кітап жайына толық тоқтауына болады. Тіпті мұның өзін өз алдына қызықты кітап туралы әңгіме етіп өткізген жөн.

Алда-жалда оқушылар мұның бәрін талдай алатын болса, онда олардың бұл кітапты дұрыс түсінгенін аңғартады және ұзақ уақыт есте сақтайтын болады.

Кейде балалар кітап жайын әңгіме еткеннен гөрі, жазушының өз қара басымен танысқанды жақсы көреді, жазушы туралы сөйлескісі келеді.

Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды, Абайды, Горькийді еске түсіруге арналған кештер мектепте ойдағыдай өтіп жүр. Балалар жазушысы Аркадий Гайдарға арнап өткізілген жыйындар сыяқты, атақты жазушылар туған күні, яки өлген күні отрядтың арнаулы жыйынын өткізуге болады. Мұндай жыйындарға тәжірибелі мұғалімді, жазушыны шақырған жөн.

6—7 кластардың пионерлері үшін Жюль Верн туралы әңгіме өткізу қызықты болмақ. Балалардан Жюль Верн қандай болжаулар айтты, оның болжаулары дұрыс па еді? деп сұра. Жас оқушыларға капитан Немоның Наутилусін қазіргі замандағы сүңгуір қайықпен яки инженер Робурдың «Альбатросын» қазіргі замандағы самолетпен салыстырып байқауды ұсын. Олар бұған дайындалып үлгіруі үшін, мұны оларға алдын ала айтып қою хажет.

Бірақта, вожатый кітап оқу жөнінде пионерлермен әңгімелесу — класта өтетін сабақ емес екенін есінен екі елі шығармауы тиіс. Мұнда аталған тақырыптар мен сұрауларды бұлжытпай пайдаланудың ешбір хажеті жоқ, сондай-ақ әңгімені алдын ала жасалған жоспармен өткізудің де хажеті жоқ, тек әңгімені қызықты болып өтсе, пионерлер әңгіме үстінде көбірек пікір айтып, кітапты терең, жақсы түсініп, оны тағы қайта бір оқып шығатындай болса, болғаны.

АЛДЫМДА
МЕНІҢ БОРЫШЫҢ

Есімде, жаным, есімде,
Бөбек едің, ержеттің,
Қуанамын әр күнде,
Ішінде көріп мектептің.

Есінде ме үстімде
Ойнатқаным, секірттің,
Жүруші едім әр кеште,
Серуенге бірге ертің.

Есінде ме, карағым,
Жүргенім қанды майданда.
Болып едім екі-үш жыл
Көруге сені арманда.

Не қызмет, арпалыс,
Шабуылдар кезінде.
Қалсаң да елде тым алыс,
Тұрушы ең күліп көзімде.

Ауыр жолдар, ормандар,
Жолында ұлы жеңістің.
Жауынды жеңіп, бермей ар,
Бетіңнен сүйіп, бел шештім.

Құшағына енгелі
Күлімдеген өмірдің,
Аттаныс, еңбек елдегі
Көтерді күйін көңілдің.

Бағың үшін сендердің,
Тойында думан колхоздың
Алдын бермей бәйгеің,
Еңбекте мен күнде оздым.

Заманың еркін, өмір шат,
Қатқан жоқ, сірә, қабағың.
Өткізбей босқа бір сағат,
Өрлесін өрге талабың.

Уядан ұшқан сұңқардай,
Қыядан шыңға қақ қанат.
Борышың сол, жасыннан
Бол үлгілі азамат.

Өз үйің, өз ауылың,
Қадірлесін өз досың,
Үлкенді сыйла, бауырым,
Алдымда менің борышың.

Аялаған, бақ берген
Сталин әкең ең досың,
Сүй Отанды, еліңді —
Алдымда менің борышың.

Садықбек Адамбеков.

Мына кітапты оқып шық

Н. А. НЕКРАСОВТЫҢ ТАҢДАМАЛЫ ӨЛЕҢДЕРІ

Николай Алексеевич Некрасов орыс халқының ұлы ақыны. Оның шығармалары орыстың XIX ғасырдағы әдебиетінің алтын қорына қосылды.

Жуырда Николай Алексеевич Некрасовтың таңдамалы өлеңдері қазақ тіліне аударылып, басылып шықты. Бұл жыйнақты аударуға Тайыр Жароков, Әбу Сәрсенбаев, Ғали Орманов, Қалижан Бекхожин, Қасым Аманжолов, Қапан Сатыбалдин, Дихан Әбілов және басқа қазақ ақындары қатысқан.

Жыйнаққа Н. А. Некрасовтың ірілі-ұсақты елу шамалы өлеңдері мен бірнеше поэмалары кірген.

Н. А. Некрасов қалың бұқараның мұңын жырлаған ақын. Халық тұрмысын асқан ұқыптылықпен бақылап, оны ақыйқат сыйпаттаған. Ол «Қызыл шунақ аяз» деген поэмасында шаруа әйелінің аянышты халы мен өкінішті өлімін суреттесе, «Солдат анасы Орина» деген өлеңінде:

«Майы біткен шам шырақтай

Күнгірт тартып кетті сөніп...

Іштегі шер сыртқа шықпай

Қабат-қабат жатыр шөгіп», — деп ананың ащы зарын

жырлайды.

«Салтанатты қақпа алдында ойлану» деген өлеңінде Н. А. Некрасов төрелерге шағым айта келген шаруалардың олардан бірауыз жылы сөз ести алмай, салтанатты қақпа алдында сарғайып тұрып, кері қайтқанын баяндайды. Ақын шаруаларды аяп, төрелерге лағнат айтады.

«Еділ бойында» атты өлеңінде ақын туған жеріне деген ыстық махаббатын білдіреді.

«Уа, Еділ менің бесігім!

Мендей боп сені сүйді кім?» дейді.

Ақын орыстың ұлы өзені — Еділдің жаратылыс сұлулығына сүйсінеді, оны билеушілердің халыққа жасаған зұлымдық ісіне күйенеді.

«Темір жол» — ұлы ақынның балаларға арнап жазған өлеңі. Бірақ мұнда үлкен әлеуметтік пікір бар. Темір жолды салғанда, патша көптеген шаруаны ауыр азап, мезгілсіз ажалға душар еткенін сыйпаттайды.

Н. А. Некрасов балалардың да сүйікті ақыны. Ол балаларды қажымай-талмай білім соңына түсуге шақырады.

Мектепте оқып ұғарсын сен

Архангелдің мұжығын.

Тәңірі жар боп, ынтасымен

Жетіскенін өзінің.

Ақынның Архангельдің мұжығы деп отырғаны орыстың атакты ғалымы М. Ломоносов. Ол өз талабымен үздіксіз ізденудің арқасында ғалым болған адам. Н. А. Некрасов шәкірттерге оны үлгі етеді.

Қазақ тіліне аударылған поэмаларының ішінде ерекше маңызды поэмалары «Бақытсыздар» мен «Орыс әйелдері». Жыйнаққа бұлардан басқа «Тройка», «Азаттық», «Еремушкаға арналған жыр», «Добролюбовқа ескерткіш», «Өлеңім өлмес куәсің» деген әйгілі ұсақ өлеңдері де кіргізілген.

Балалар, Н. А. Некрасовтың бұл кітапқа кірмеген «Русьта кімдер жақсы тұрады?» (ұзақ дастан), «Тургеневке», «Жерлеу», «Үкім», «Әлди-Әлди» сыяқты көп шығармалары бар. Ұлы ақынның әр өлеңінде, әр поэмасында халық өмірінің бір көрінісі сыйпатталып отырылады. Н. А. Некрасов әрі ақын, әрі азамат, халық қамын ойлап, елін сүйген езгі адам. Сондықтан оның шығармаларын көсеміміз Владимир Ильич Ленин де зор бағалаған. Біз де оны сүйсіне оқып, ерекше бағалаймыз.

Ж. ӨМІРБЕКОВ.

«КІШКЕНЕ ҚАРАҒАНДЫ»



Қазақстанда тұңғыш рет балалар темір жолы Ақмолада салынды. Бұл жолдың жұмыс тәртібі кәдімгі темір жолдармен пара-пар. Оның қызметшілері оқушы жас балалар. Олар байсалды теміржолшылардың дәстүрлерін үйреніп, өздерін теміржол мамандығына дайындауда. Бұл жол «Кішкене Қарағанды» деп аталады. Суретте: жас жолаушылар.

К. УЯБАЕВ

І Н І М Е

Мойынында галстүгің, жүзің жыйнап,
Інім, сен келіп сәлем бергенінде,
Еске алдым жат өлкеде таптастан бак
Шұбырған көп жетімді көргенімді.
Қолымда Отан берген ер қаруы,
Майданның басып тар жол, тайғақ белін,
Желбіреп азаттықтың қызыл туы,
Харбинге жеңіспеннен кірген едім.
Қаршадай қара бала жалаң аяқ,
Қаңғырып жүрген болмай үй-тұрағы,
Келді де, кеудесіне қолын таяп,
Бас иіп, тізе бүгіп нан сұрады.
Жас ерні кезеуреген, өңінде әжім.
Басында жыртық-жыртық шиден қалпақ,
Тұрды ол «уа, таксыр» деп етіп тәжім,
Қараумен жан-жағына жалтақ-жалтақ
Көрінді жас көзінен мөлтілдеп жас,
Жүзіннен шаттық оты білінбеді.
Дегендей: «ұрар, қайдан қойсын ықылас»
Жазықсыз жас денесі дірілдеді.

Толмаған ақыл өсіп, жетім бала
Мен мырза емесімді қайдан білсін,
Самурай жүрегіне салған жара,
Шаттанып қуанышпен қайдан күлсін!
Па шіркін, біздің өмір, дедім, сонда
Советтік Отанымда өскен шалқып,
Шарықтап құлаш ұрып алтын танда,
Бақыттың шалқарында жүзген қалқып!
Ойыма түсіп кетті атой салып,
Ағаштан ат мінгенім кекіл байлап,
Жарыссам, бірде озып, бірде қалып,
Шапқылап жүгіргенім алақайлап.
Өскенім өксіместен, көңіл тасып,
Жасымнан өмірге мен болып жерік,
Басылды көзіме ыстық оттай болып
Кездерім октябрыт, пионерлік.
Сол өскен жастық үшін еркін жайлап —
Білместен жетімдікті, тарығуды,
Басымды Отан үшін оққа байлап,
Жүрекке қыса түстім қаруымды.

КОРИДОРБОЛ


Коридорбол, мағна жағынан футбол, баскетбол ойындарына ұқсас, өте қызықты спорт ойындарының бірі.

Бұл ойынға 2 команда (топ) қатынасады, әр командада 6 адамнан ойыншылар болады.

Коридорбол ойнайтын алаң қарытығыз тапталған жерге жасалынады, ұзыны 36 метр, көлденеңі 20 метр төрт бұрышты болады. Алаң 12 коридорға бөлінеді, әр коридордың ені 3 метр болады. Алаңның қарама қарсы екі бұрышына корзинка орнатылады.

Ойынға қатынасатын әр команда ойыншыларының 1-ден 6-ға дейін сандары болады. 1 ойыншы «вратарь» деп аталады, ол доп (мяч) түсірмеу мақсатымен өз командасының корзинкасын қорғайды. 6 ойыншы «мерген» деп аталады, ол қолына доп тигенде, дәл көздеп оны қарсы ойыншылардың корзинкасына түсіріп отырады.

Ойын тәртібі былай болады: төрешінің (судьяның) ұйғаруы мен ойын бастайтын команда допты өзінің бірінші ойыншысына береді; ол алғаннан кейін өз коридорына бір-ақ рет қоюға еркі бар, екінші ретте өз командасының екінші ойыншысына лақтырады, ол өз коридорынан шықпай допты қағып алып үшінші ойыншыға,



ол—төртінші ойыншыға жөнелте береді.

1, 2, 3, 4, 5 ойыншылардың мақсаты — допты арадағы коридорларда тұрған қарсы ойыншылардың қолда-

рына тигізбей, өздерінің 6 ойыншысына — мергенге жеткізу, мерген допты дәл көздеп қарсы ойыншылардың корзинкасына түсіруі керек.

Қарсы ойнаушылар, өз коридорларынан шықпай допты өз қолдарына түсіруге әрекеттер жасайды. Ал, доп қолдарына түскен жағдайда, олар да өздерінің мергендеріне жеткізіп, ол арқылы жанындағы ойыншылардың корзинкасына түсіруге тырысады.

Егер ойнап жатқан уақытта алаңның сызығынан доп ауа шығып кетсе (аут деп аталады), доп қолынан оны шығарып алған ойыншының жанында тұрған қарсы команданың адамына беріледі.

Кейбір ойын тәртібі өрескел бұзылған жағдайларда, төрешінің әмірімен айып салынады: төреші допты 6 ойыншыға — мергенге береді. Ол допты ойын тәртібін бұзған қарсы топтың корзинкасына тура лақтырады.

Ойын 50 минутке созылады, 25 минуттен кейін екі топ коридорларын ауыстырады.

Ойынның қорытындысы: допты корзинкаға көп түсірген команда ұтады.

Бұл ойынды ақ бормен сызып, жазды күні қара жерде ойнауға да болады.

М А З М У Н Ы

Б. Исқақов — Сталинград майданы (өлең)	бет.
М. Жанғалин — Совет Армиясының 30 жылдығы.	2
Ол күндердің өшпес данқы	4
М. Тауұлы, Қ. Елемесов — Адам туралы аңыз (әңгіме, соны).	6
Қ. Бекхожин — Сержант Беляков (баллада)	10
С. Сеитов — Польша жерінде (очерк)	11
Н. Шухов — Кремль телеграммасы (болған әңгіме)	13
С. Омаров — Қызыл Армия шаньго! (қойын дәптерден)	15

Біздің пошта	17
Ж. Жанатов — Майгүл	20
Отрядта кітап оқу	21
С. Адамбеков — Алдымда менің борышым (өлең)	22
Ж. Өмірбеков — Н. А. Некрасовтың таңдамалы өлеңдері	22
Қ. Уябаев — Ініме (өлең)	23
Б. Қайыркен — Коридорбол	24
Білгім келеді	—

Мұхабаның бірінші бетіндегі суретті жасаған Б. Чекалин, төртінші бетіндегі суретті жасаған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано в печати 20.11.1948 г.

УГ0690

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 8. Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР
гос. Алма-Ата Проспект Ленина 2. Заказ № 189

465339




Оқушыларымыздың
сұрауларына
жауап

ЖЕРДЕН БАСҚА ПЛАНЕТАЛАРДА ТІРШІЛІК БАР МА?

Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет орта мектебінің оқушысы ТҰҢҒЫШБАЕВТЫҢ СҰРАУЫНА ЖАУАП.

Ескі ұғым бойынша жердің үстінде де, астында да ел бар деп келген. Бірақ, планетада тұрмыс бар деп анық айтпаған.

Адам баласының көп жылдық ғылыми тексеруінің нәтижесінде ол ұғым қате екені анықталды.



Планеталардың жайын тексеретін астрономия ғылымының дәлелдеуі бойынша Марста ғана тіршілік бар деп ұйғарады. Өйткені, арнаулы астрономиялық құралдармен қарағанда Марста тау сыяқты қарайған, су секілді жалтыраған немесе бұлдыраған будың көрінісі байқалады. Ашық күндері Марс айқын көрінгенде, өсімдік сыяқты нәрселер көзге шалынады. Осы тұрғыдан қарағанда астрономия ғылымы Марста өмір бар деп есептейді. Бу сыяқты болып көрінген затты ауа деген қортындыға келеді. Сөйтіп, органикалық (жанды) дүние бар деген болжау жасайды.

Жерге ең жақын планета Ай, оның бедері басқа планеталарға қарағанда анығырақ көрінеді. Онда көлеңке сыяқты бірнәрсе барлығы көзге түседі. Ал үлкейткіш аспаптар арқылы қарағанда, сол көлеңке болып көрінген заттардың биік таулардың жалдары екенін білеміз. Бұдан басқа Айда тіршілік бар деп әлі ешкім анық дәлелдеген емес.

ТҰҢҒЫШ ГАЗЕТ ҚАШАН ШЫҚТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЛАЙ АТАҒАН?

Қарағанды қаласындағы № 7 мектептің оқушысы Бекзада НҰРҚИИНИҢ СҰРАУЫНА ЖАУАП.

Газет итальяндықтар тілінде «Га-болған. Осыдан бастап ондай жазба-ветта» — уақ тыйын деген сөз. Оның мәнісі былай: Италияның орталық қалаларында тұратын ақсүйектер өздерінің отарларында не болып жатқанын білгісі келіп, сол отарындағы сауаты бар бір адамға күнделікті хабарды жеткізіп тұруды тапсырып қоятын болған. Бұдан соң ол неше түрлі қызық уақығаларды қожасына хабарлап тұрады екен. Оны жұрттың бәрі білгісі келеді. Сондықтан, корреспонденттің (тілшінің) қожасына жазған хаттарын бірнеше дана етіп қолдан көшіріп «газетта» деп аталатын ұсақ тыйынға сататын

лар «газетта» деп аталып кетеді. Тұңғыш қолжазба ескі Рим патшасы Юлий Цезарьдың бұйрығымен «Акта диурна попули романи» деген атпен шыққан. Европада тұңғыш рет 1608 жылы Мидельбург қаласында баспа газеті атпен XVII ғасырда яғни 1621 жылы басылып шығыпты. Россияда қолжазба «Куранты» дешығады. Россияда тұңғыш баспа газет «Ведомости Московского государства» («Москва мемлекетінің хабарлары») деген атпен 1702 жылы декабрь айында шыққан.

БІЗ ТАРИХТАН ЕРТЕДЕГІ УАҚЫҒАЛАРДЫ ОҚИЙМЫЗ. СОЛАР БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗГЕ ҚАЛАЙ ЖЕТКЕН?

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданындағы Жамбыл орта мектебінің оқушысы Хайролла БАПАЕВТЫҢ СҰРАУЫНА ЖАУАП.

Біз тарих, география ғылымдары арқылы бұдан 300-400 жылғы уақығға емес, 2000-3000, кейбір жағдайда миллион жылдан бергі өмір өзгерістері мен құбылыстарын білеміз. Бұл жөнінде бізге Археология (жер астынан қазып табылған тарихи деректерді тексеретін ғылым) ғылымы мен жазу шыққаннан бергі жазба ескерткіштер көмектеседі.

Мысалы, бұдан 2000 жыл бұрын болған ескі Грецияның тарихын білеміз. Сол кезде жасаған Гомер деген ақынның «Илиада», «Одиссея» деген поэмалары жалпақ тастарға жазылған екен, ол жер астынан қазылып алыныпты. Онда ескі гректердің соғысы, әдет-ғұрпы туралы көп мағлұматтар бар.

Біздің заманымыздан бергі тарихи уақығалардың көбісі шежіреде жазылып қалған.




№ 7

БАҒАҒЫ 2 СӨМ.

9112 482.

Каз. Гос. Цэнтральнай Һөнәр һәм Һөнәр



Балалар, кейбір географиялык атаулар адам, кўс, аң, түрлі жан-жануарлардын аттарымен аталады. Мына суретте еліміздің бірнеше қалалары мен аралдарының орыс тіліндегі аттарының суреттері салынған.

Қана жас достар, тусан елдің картасын кім жақсы біледі екен? Суретте